1. Аристанова Жанылган Дуйсенкуловна - орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, педагог-зерттеуші 28.12.2018жыл №442 бұйрық

2. Оразова Гульмира Саиновна - математика пәнінің мұғалімі, педагог-зерттеуші 28.12.2018жыл №442 бұйрық

3.Жанабергенова Аикенже Ареповна-математика пәні мұғалімі,педагог-зерттеуші 28.12.2018жыл №442 бұйрық

Зейнеткерлік жасқа дейін педагогтердің өздерінде бар санаттары сақталады.

(Педагогтерге қатысты бұйрық қосымша ұсынылады.)



Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы №83 бұйрығы. ҚР Оқу-ағарту министрінің 30.12.2022 №533 бұйрығының 122-тармағы, АОББ 11.09.2023 жылғы №364 бұйрығының 3,6-қосымшасы басшылыққа алынған. Кезекті аттестаттау кезінде өтініш берілген санат бойынша балдар саны жеткіліксіз болса, одан әрі біліктілік санаты бір деңгейге төмендейді. Осы 122-тармақ негізінде көркем еңбек пәні мұғалімдері М.Абилкаирова, Б.Колганатов, дене шынықтыру пәні мұғалімі А.Сарымсакова өздерінде бар "бірінші" біліктіліктілік санаттары «педагог» сантына төмендетілген. Педагогтің біліктілік санатын арттыруға Е-портфолиолары 1-кезеңнен өтті, дегенмен 2-кезең ПББ тесттілеуден қайта-қайта әрекет жасағанымен шекті балл ала алмағандығы анықталды



Ағылшын пәні мұғалімдері М.Иванова, Г.Кереева, Ә.Құттыбаева еңбек өтілі 8-9 жыл, бала күтіміне кезек-кезек екі балаға кеткендіктен біліктілік санаттарын арттыру уақыттары өтіп кеткендігі анықталды

Осы пән мұғалімдері шілде-тамыз айындағы аттестаттау кезіңіне өтініштерін берді. ҚР-сы Премьер-Министрі №20-1-20-6/2548-И от 11.04.2024 хаттамасы және ҚР-сы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы №83 бұйрығымен бекітілген Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарына (бұдан әрі-Қағидалар) сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №13317 болып тіркелген) ҚР-сы оқу-ағарту министрлігі 16.04.2024ж. №79 бұйрығы басшылыққа алынған. Су тасқыны салдарынан табиғи сипаттағы төтенше жағдай режимі енгізілген өңірлердің педагогтерін тестілеу аталған режим алынып тасталғаннан кейін ҚР-ның заңнамасында көзделген тәртіппен жүргізілуіне байланысты педагогтердің, білім беру ұйымдары басшыларының қолданыстағы біліктілік санаттары аттестаттаудың келесі кезеңіне дейін ұзартылғандығы туралы мектепшілік бұйрық шығарылған. (Бұйрықтар қосымша жалғанды). ҚР-ның Оқу-ағарту министрінің 2024 жылығы 2 сәуірдегі №72 бұйрығымен бекітілген ережеге сәйкес 2024 жылы аттестаттау кезеңіне (шілде-тамыз) педагог-зерттеуші -20, педагог-сарапшы-12, педагог-модератор-20 педагог (растау/алуға) өз өтініштерін біліктілік талаптарына сай ұсынады



2023-2024 оқу жылында білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізуі тоқтауына байланысты біліктілік санатын арттыру мүмкіндігі болмады. Тест нәтижесі бар 1 педагог, бейіні бойынша 30 жылдан көпжыл педагогикалық өтілі бар 5 педагогтердің өтініштері «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» тарапынан 2024 жылы мамыр айында қабылданып, қазіргі уақытта аттестаттау кезеңінде.

Сонымен бірге аттестатталушы еңбек өтілі 30 жылға толмаған педагогтар өзінде бар «педагог-зерттеуші» біліктілік санатын растауға -8 педагог, аттестатталушы педагог өзінде бар «педагог-сарапшы» біліктілік санатынан «педагог-зерттеуші» біліктілік санатына үміткер-6 педагог,

аттестатталушы педагог өзінде бар «педагог-модератор» біліктілік санатынан «педагог-сарапшы» біліктілік санатына үміткер - 5 педагог, аттестатталушы педагог өзінде бар ескі санаттағы біліктілік санатынан «педагог-сарапшы» біліктілік санатына үміткер - 3 педагог, аттестатталушы педагог өзінде болған ескі санаттағы біліктілік санатынан цвқытының өтуіне байланысты «педагог» сантына төмендетілен -4 педагог, аттестатталушы педагог біліктілік санатын «педагог-модератор» біліктілік санатына үміткер - 20 педагогтер 2024жылдың шілде айында ПББ тестілеуге тіркелді.:

	Утегуловна	менеджменті»	№0664160; 80 сағ	
2	Бекмуханова Айкоркем Хамидуллиевна	«Білім берудегі менеджменті»	05.04.2024ж №0857097; 80 сағ	Ақтөбе Өрлеу БАҰО
3	Оразова Гулмира Саиновна	«Білім берудегі менеджменті»	27.03.2024ж № 0856985; 80 сағ	Алматы, Өрлеу БАҰО
4	Қобландина Майра Жұмақызы	«Білім берудегі менеджменті»	20.10.2023ж № 0664007; 80 сағ	Алматы,Өрлеу БАҰО
5	Дилмагамбетова Айжан Дандаевна	«Білім берудегі менеджменті»	27.10.2023ж №0664219; 80сағ	Алматы,Өрлеу БАҰО
6	Колганатова Алия Жугинисовна	«Білім берудегі менеджменті»	27.03.2024ж №0856980; 80сағ.	Алматы,Өрлеу БАҰО

Педагогтер мен басшы кадрлардың пәннің бейініне, білім беру бағдарламаларына сәйкес соңғы үш жылда біліктілігін арттырудан және қайта даярлаудан педагогтер базалық курстан, жаһандық құрыреттілік курсынан (10 педагог), инклюзивті оқыту курстарынан (25 педагог) уақытылы өтті

Бағалау: Үш жылда бір реттен сиретпей (оның ішінде басшы, басшы орынбасарларының) біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің үлесі - **100%-5 балл**

Педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курстарынан өткені туралы сертификаттардың көшірмесі 7 қосымша PDF форматы жалғанады

Соттылықтың жоқтығы туралы барлық 128 мұғалімнің анықтамасы бар. Анықтамалар жаңартылып отырады, жұмысқа қабылдау кезінде әрбір жаңадан келген қызметкерден осы құжат талап етіледі.

Педагог кадрларда соттылықтың жоқтығы туралы анықтамалар PDF

3.БІЛІМ АЛУШЫЛАР КОНТИНГЕНТІ

Білім алушылар контингентінің сандық құрамы:

- деңгейлер бойынша, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар контингенті туралы мәліметтер;

Мектептің негізгі міндеттерінің қатарында – білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың басты басымдығын іске асыру-білім берудің қолжетімділігі мен сапасын қамтамасыз ету, оқу-тәрбие процесі субъектілерінің білім беру сұраныстарын қанағаттандыру. Мектеп оқушыларының контингенті жылдан жылға бір деңгейде қалып отыр. Мектеп ата-аналар қауымы арасында беделге ие, бұл көрсеткіш балаларын мектепке оқыту қажеттілігінің артуы болып табылады. Жалпы білім беретін сыныптардың жұмыс істеуінің белгіленген нормасы білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың басты басымдығын – білім берудің қолжетімділігі мен сапасын қамтамасыз ету, оқу-тәрбие процесі субъектілерінің білім беру сұраныстарын қанағаттандыру үшін мүмкіндік туғызады.

Толымдылығы жоғары мектеп екі ауысымда жұмыс істейді. Сыныптардың орташа толымдылығы 25 адамды құрайды. Білім алушылар контингенті мектеп шағын ауданының балаларынан 70% – ға; оқушылардың 30% - ы қала мен ауданның басқа білім беру мекемелерінің шағын аудандарынан құралады.

Қарастырылып отырған кезеңдегі білім алушылар контингенті және оның құрылымы кестеде келтірілген

1-кесте Білім алушылар контингенті

Оқу жылы	Бастауыш мектеп	Негізгі мектеп	Жоғары мектеп	барлығы
	1-4 кластар	5-9 кластар	10-11 кластар	1-11 кластар
2021-2022	780	759	155	1694

2022-2023	755	782	175	1712
2023-2024	701	774	185	1660

Оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылар контингенті

2-кесте Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар контингенті

Оқу жылы	ҚҚБ оқушылары			Жеке бағдарлама			Бейімделген бағдарлама			Жалпы бағдарлама			Үйден оқытылғаны		
	1-4 класс	5-9 класс	10-11 класс	1-4 класс	5-9 класс	10-11 класс	1-4 класс	5-9 класс	10-11 класс	1-4 класс	5-9 класс	10-11 класс	1-4 класс	5-9 класс	10-11 класс
2021-2022	4	3	-	2	1	-	2	-	-	-	2	-	2	2	-
2022-2023	8	4	-	3	1	-	4	1	-	1	2	-	3	2	-
2023-2024	7	8	-	3	1	-	-	2	-	4	5	-	1	3	-

2-кесте Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар контингенті

- сыныптың толтырылуы туралы ақпарат;

№3 - кесте.Сынып жинақтарының саны

Оқу жылы	Бастауыш мектеп	Негізгі мектеп	Жоғары мектеп	барлығы
2021-2022	30	30	7	67
2022-2023	30	31	8	69
2023-2024	29	31	8	68

Орташа сынып саны 25-26 адам

Оқушылардың қозғалысы мектеп бойынша бұйрықпен ресімделеді, есеп ҰБДБ-да қалыптастырылады

- оқушылардың қозғалысы туралы мәлімет

Оқушылардың қозғалысы мектеп бойынша бұйрықпен ресімделеді, есеп ҰБДБ /Ұлттық жалпы білім беру деректер базасында/, Bilimclass.kz қалыптастырылады. Оқушылардың қозғалысы туралы деректер кестеге жазылады:

4 – кесте. Қозғалыс мониторингі 2021-2022 оқу жылы

Параллель	оқу жылының басында	келгені	кеткені	оқу жылының соңында
1	219	14	12	221
2	191	15	19	187
3	182	12	10	184
4	190	14	16	188
1-4	782	55	57	780
5	147	9	13	143
6	165	8	15	158
7	145	7	14	138
8	166	14	7	173
9	150	2	5	147
5-9	773	40	54	759
10	85	1	5	81

11	83	-	9	74
10-11	168	1	14	155
Барлығы	1723	96	125	1694

2022-2023 оқу жылы

Параллель	Оқу жылының басында	келгені	кеткені	Оқу жылының соңында
1	187	17	14	190
2	211	7	8	210
3	171	10	9	172
4	179	13	9	183
1-4	748	47	40	755
5	179	8	12	175
6	140	2	6	136
7	156	5	4	157
8	137	9	7	139
9	173	7	5	175
5-9	785	31	34	782
10	95	5	7	93
11	83	-	1	82
10-11	178	5	8	175
Барлығы	1711	83	82	1712

2023-2024 оқу жылы

Параллель	Оқу жылының басында	Келгені	кеткені	Оқу жылының соңында
1	165	15	15	165
2	176	8	18	166
3	210	8	13	205
4	165	7	7	165
1-4	716	38	53	701
5	177	13	12	178
6	176	12	10	178
7	129	7	9	127
8	155	6	11	150
9	138	9	6	141
5-9	775	47	48	774
10	98	2	3	97
11	91	-	3	88
10-11	189	2	6	185
Барлығы	1680	87	107	1660

Белгіленген ережелерге сәйкес алфавиттік кітабын, оқушыларды ауыстыру, қабылдау бойынша құжаттарды жүргізеді. Оқушылардың жеке істері белгіленген талаптарға сәйкес рәсімделді, жеке істердің нөмірлері алфавиттік кітаптағы нөмірлермен сәйкес келеді. Сыныптар бойынша тіркеу папкасында орналастырылған, директордың қабылдау бөлмесінде сақталады. Оларды сақтау және рәсімдеу үшін іс жүргізуші мен хатшы жауапты болады.

4. ОҚУ – ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫС

Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып,білім беру мазмұнына өлшемшарттар:

"Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 500 бұйрық) бекітілген оқу жұмыс жоспарларының үлгілік оқу жоспарларына және "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы

Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 348 бұйрық) бекітілген Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкестігі.

2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылының оқу жұмыс жоспарлары тексерілді (сканерленген нұсқасы қоса беріледі).

2021-2022 оқу жылында 1-4 сыныптар аралығында 30 сынып комплекті, 5-9 сыныптар аралығында 30 сынып комплекті, 10-11 сыныптар аралығында 7 сынып комплектісіне оқу жоспары жасалған.

1-4 сыныптар аралығында оқу жұмыс жоспарлары Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы №415 бұйрығының 1- қосымшасы басшылыққа алынып жасалған.

5-9 сыныптарға арналған оқу жоспарларын Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы №415 бұйрығының 6- қосымшасы басшылыққа алынып жасалды.

10-сыныптар бойынша оқу жоспары жаратылыстану-математикалық, қоғамдық-гуманитарлық бағытта Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы №415 бұйрығының 30-31-қосымшасы басшылыққа алынып жасалды.

11-сыныптар оқу жоспары Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2019 жылғы 15 мамырдағы №205 бұйрығының 1-қосымшасы, қоғамдық-гуманитарлық бағыты, 2-қосымшасы жаратылыстану-математикалық бағыты бойынша басшылыққа алынып жасалған.

2021-2022 оқу жылында үйден оқытуға 3”Б” класс оқушы () және 6”Д” класс (Жангелді Әділхан) , 7 “д” класс оқушысы (Микишев Артур) ДКК қорытындылары негізінде үйден оқытудың оқу жоспары ҚР Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 26 наурыздағы №125 бұйрығының 53-55 қосымшалары және 1”Ж”класс оқушысы (Амандосов Даулет) ҚР Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 26 наурыздағы №125 бұйрығының 4 –қосымша, 10-тарау “Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар оқушыларға арналған бастауыш білім берудің оқу жоспары басшылыққа алынып жасалған.

2022-2023 оқу жылында 1-4 сыныптар аралығында 30 сынып комплекті, 5-9 сыныптар аралығында 31 сынып комплекті, 10-11 сыныптар аралығында 8 сынып комплектісіне оқу жоспары жасалған.

1-4 сыныптар аралығында оқу жұмыс жоспарлары Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығының 1- қосымшасы басшылыққа алынып жасалған.

5-9 сыныптарға арналған оқу жоспарларын Қазақстан Республикасының Оқу- ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығының 6- қосымшасы басшылыққа алынып жасалды.

10-11-сыныптар оқу жоспары Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығының 38-қосымшасы қоғамдық-гуманитарлық бағыты, 39-қосымшасы жаратылыстану-математикалық бағыты бойынша басшылыққа алынып жасалған.

2022-2023 оқу жылында үйден оқытуға 4”В” класс оқушысы (Мырзабай Саян), 7”д” класс оқушысы (Раушанова Жансая) және ДКК қорытындылары негізінде үйден оқытудың оқу жоспары ҚР Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 26 наурыздағы №125 бұйрығының 53-55 қосымшаларын және 1”Г” класс оқушысы (Батыр Нурай), 2”Ж”класс оқушысы (Амандосов Даулет) ҚР Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 26 наурыздағы №125 бұйрығының 4 –қосымша, 10-тарау “Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар оқушыларға арналған бастауыш білім берудің оқу жоспары басшылыққа алынып жасалған.

2023-2024 оқу жылында 1-4 сыныптар аралығында 29 сынып комплекті, 5-9 сыныптар аралығында 31 сынып комплекті, 10-11 сыныптар аралығында 8 сынып комплектісіне оқу жоспары жасалды.

1-4 сыныптар аралығында оқу жұмыс жоспарлары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 11- қосымшасы басшылыққа алынып жасалған.

5-9 сыныптарға арналған оқу жоспарларын Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 16- қосымшасы басшылыққа алынып

жасалған.

10-11-сыныптар оқу жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 85-86- қосымшасы басшылыққа алынып жасалған.

2023-2024 оқу жылында үйден оқытуға ДКК-ның, ҚМПК қорытындылары негізінде 5 «В» класс оқушысы (Мырзабай Саян), 5«Г» класс оқушысы (), 8 «В» класс оқушысы, 9 «Д» класс оқушысы (Қазим Акерке) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген); **/55-қосымшасы/** және 2 «Г» клас оқушысы (Батыр Нұрай) мен 3 «Ж» класс оқушысы (Амандосов Даулет) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (2023 жылғы 18 тамыздағы № 264 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);**/4-қосымша,10-тарауға/** сәйкес жасалған.

"Жалпы білім беретін ұйымдарға арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары және факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы (ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 Бұйрығы (ЖМ.2020 жылғы 27 қарашаға№496 қосымша);

«Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.09.2022ж. №399 бұйрығы 21.11.2022 ж. № 467, 05.07.2023 ж. №199 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен).

Білім алушылардың бір күндік және апта ішіндегі ой еңбегінің жұмысқа қабілеттілігі динамикасын ескеру және «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Денсаулығын сақтау министрлігінің 2021 жылғы 5 тамыздағы №76 бұйрығы.

Мектептің 3 жылдық жұмыс оқу жоспарына және сынып-комплектісінің санына сәйкес әрбір пән бойынша оқу сағаттары оқу бағдарламасы бойынша жасақталып, әр жыл сайын Ақтөбе қаласының білім бөлімінің басшысымен келісіліп, мектеп директорымен бекітілген. Мұғалімдердің оқу жүктемесінің көлемі мектептің жұмыс оқу жоспарындағы сағаттар саны мен мектептің кадрлармен қамтамасыз етілуіне қарай бөлінген. Жұмыс оқу жоспары бойынша әрбір параллель сыныптардың сағат санын есептеу ескерілген.

Мектеп директорымен бекітілген сабақ кестелері «Білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 16 тамыздағы №611 бұйрығының (2021 жылы 6 тамыз №76 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар) 72, 73, 74 тармақтарының талаптарына сәйкес. 1-4 бастауыш сыныптарға, 5-11 сыныптарға арналған сабақ кестелерін құруда білім алушылардың бір күндік және апта ішіндегі ой еңбегінің жұмысқа қабілеттілігі динамикасы ескерілгендігі анықталды. *(сабақ кестелері электрондық нұсқада жалғанып салынды).*

-жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру:

2021-2022 оқу жылында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (2020 жылғы 28 тамыздағы №372 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) басшылыққа алынды.

1-4 сыныптарда ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің типтік оқу бағдарламалары; (өзгерістер мен толықтырулар енгізілген бұйрықтар: 8.04.2016ж. - №266, 10.05.2018ж.-№199, 26.07.2019 №334) негізінде жүзеге асырылды.

5-9 сыныптарда білім беру процесі ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім берудің типтік оқу бағдарламалары (2017 жылдың 25 қазандағы №545 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) негізінде жүзеге асырылды.

«Зайырлылық және дінтану» курсы ҚР Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 15 шілдедегі №281 бұйрығы, «Өзін-өзі тану» пәні бойынша 2016 жылғы 8 сәуірдегі №266 бұйрығы, тарих пәніне 2019 жылғы 26 шілдедегі №334 бұйрығы негізінде жүзеге асырылды.

10-11 сыныптарда ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Жалпы орта білім берудің типтік оқу бағдарламалары (өзгерістер мен толықтырулар енгізілген бұйрықтар:

2017 жылғы 3 сәуірдегі №352 бұйрығы, 2019 жылғы 7 наурыздағы №105 бұйрығы, 2020 жылғы 21 сәуірдегі №154 бұйрықпен «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәні бойынша өзгерістер) басшылыққа алынды.

2022-2023 оқу жылында 1-11 сыныптарда «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы (2022 жылдың 23 қыркүйек күнгі №406 бұйрықпен толықтырулар мен өзгерістер енгізілген) басшылыққа алынды. ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Жалпы орта білім берудің типтік оқу бағдарламаларына (2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрықпен енгізілген өзгерістер).

2023-2024 оқу жылында 1-11 сыныптарда «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы (2022 жылдың 23 қыркүйек күнгі №406 бұйрықпен толықтырулар мен өзгерістер енгізілген) басшылыққа алынды. ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Жалпы орта білім берудің типтік оқу бағдарламаларына (2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрықпен енгізілген өзгерістер).

Өзін-өзі бағалау барысында жалпы білім беретін пәндердің үлгілік оқу бағдарламалары, күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары Bilimclass.kz-те толтырылуы сәйкестендіріле отырып тексерілді. Оқу жоспарының инвариантты бөлімінен сағаттар пәндерге Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт талаптарына сай бөлініп, оқытылған барлық сағаттар Bilimclass.kz электронды журналға толтырылған

-білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында сабақтан тыс әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру .

Білім алушылардың рухани-адамгершілік дамуын қамтамасыз етуге бағытталған жалпыадамзаттық, ұлттық және отбасылық құндылықтарды дамыту, өзін – өзі тануын, әлеуметтік жауапкершілігі мен экологиялық мәдениетін арттыру» өзекті тақырыбынан туындайтын міндеттерді халықтық тәлім-тәрбие мұрасымен, қазақ халқының бағалы педагогикалық ой-пікірлерімен, ұлттық мұраны ұштастыру арқылы жүзеге асырылуда. Осы мақсатты жүзеге асыру барысында төмендегідей міндеттерді шешуге жұмыс жүйесі бағытталды. Оқу жылының басында сынып жетеушілер әр сыныптың әлеуметтік паспортын жинақтай отырып, педагог-психологтар әр сынып оқушыларының зерттеу диагностикасын жүргізіп, педагогикалық-психологиялық консилиумдар өткізілді. Ұлттық рухы биік, адамгершілік құндылықтары негізінде ойлау қабілеті жоғары оқушыларды тәрбиелеу мақсатында жыл көлемінде әртүрлі ұйымдармен бірлесе жоспар құрылып, жүзеге асырылды. Білім - тәртіптен басталатындықтан оқушылардың бірыңғай талапты, мектеп формасын, мектептің ішкі тәртіп ережесін орындаулары бақыланады.

“№40 жалпы білім беретін орта мектебі” КММ-сінің 2021-2022 оқу жылына арналған тәрбие жоспары, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы «15» сәуірдегі №145 бұйрығының 2-қосымшасы, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу-тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және құндылықтар негізінде құрылды.

Бала құқықтары туралы БҰҰ Конвенциясы, Қазақстан Республикасы Конституциясы, «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы №518-IV Кодексі, «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002жылғы 8 тамыздағы №345 Заңы, «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасы 2007 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 маусымдағы №248 бұйрығымен бекітілген Қазақстан республикасының үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы басшылыққа алынды. Жылдық тәрбие жоспары «Рухани жаңғыру» бағдарламасының қоғамдық санасын жаңғыртудың барлық негізгі бағыттарын ескере отырып жүзеге асырылды.

Жоспарға сай жұмыс төмендегі бағыттарды қамтыды:

Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие бағыты

Оқу жылының алғашқы патриоттық шарасы ұлы ақын Абай Құнанбайұлының туған күніне ұйымдастырылған Абай өлеңдерінің мазмұны бойынша жас суретшілер байқауы мен Абай шығармашылығын жатқа оқудан «Абайды оқы, таңырқа!» атты челленджінен бастау алды. Тамыз айында ұйымдастырылған «KIDS BOOK FEST-2022» балалар кітап фестивалінде мектеп оқушылары «Менің Отаным Қазақстан» тақырыбында сурет салып, «Біз бақытты баламыз» тақырыбында Мұқағалидың, Абайдың және Ф. Оңғарсынованың өлеңдерін мәнерлеп оқыды. Қазақ тілі пәні мұғалімдерінің ұйымдастыруымен «Алаш қозғалысының қайраткерлері» тақырыбында челлендж ұйымдастырылып, оқушылар ақын өлеңдерін оқу сағатына қатысты. Конституция күніне орай жасөспірімдер арасында Ата заңымызға деген сүйіспеншілік сезімін қалыптастыру мақсатында «Жасөспірім және заң» тақырыбында пікірсайыс ұйымдастырылды және Білім күніне орай «Терең білім: еңбексүйгіштік және отаншылдық» тақырыбында салтанатты жиын өткізілді.

Қазақстан халқы тілдері күні мерекесіне орай тілдер бірлестігінің ұйымдастырумен «Қастерлейді ұл-қызың мәңгі сені» атты ашылу салтанаты, «What? WHERE? WHEN?», «QUICK-QUICK!» кластан тыс шаралары, «Язык – основа дружбы» және «Ана тілім - ардағым» тақырыптарында әдеби сазды кештері ұйымдастырылды. А.Байтұрсыновтың 150 жылдығына арналған «Тіл ұлттың жаны, халықтың үні» тақырыбында эссе жазу, «Ахмет Байтұрсынұлы – дәуірдің дара тұлғасы» атты жалпы қазақстандық диктант жазу сағаты, «Суреттер сөйлейді» А.Байтұрсынов туындыларынан сурет көрмесі, ақын өлеңдерін мәнерлеп оқу шарасы және «Ахмет – ұлт ұстазы» тақырыбында танымдық сағат өткізіліп, «Ахмет мұрасы – алтын қазына» атты кітап көрмесі жасақталды.

Ақтөбе облысының кәсіпкерлік басқармасының «Жанды сабақтар» жобасы аясында мектеп оқушылары үшін өңіріміздің көрікті жері мен туристік нысандарына ұйымдастырған ақпараттық туры бойынша мектеп оқушылары Мәртөк ауданына 1 күндік саяхат жасап, жел электр станциясын, «Айс» кәсіпкерлік базасын, «Зәру» шипажайын және «Аққайың» орман алқабын аралады. Ал 5 класс оқушылары Кеңес Одағының батыры Ә. Молдағұлованың Ақтөбе облыстық мемориалды музейіне саяхат жасап, музей экспозициясымен танысты және мерген Әлия, пулеметші Мәншүк, ұшқыш Хиуаз өмірі мен ерлігі туралы ақпарат алды.

Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың Қазақстан халқына арнаған «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты жолдауы мектеп ұжымының қатысуымен талқыланды.

Мектебіміздің 10 класс оқушылары ата-аналарымен бірге ҚР Қарулы күштерінің мемлекеттік оркестрінің «Біртұтас ел, біртұтас әскер» атты концерттік бағдарламасына қатысты.

Республика күніне орай «Қыран елім - Қазақстан» атты патриоттық өлеңді мәнерлеп оқу шарасы ұйымдастырылып, жеңімпаздар қалалық байқауға жіберілді. «Тәуелсіздік – елімнің еркін жолы» тақырыбында кітап көрмесі жасалды және 5-11класстар арасында Республика күніне арналған «Менің арманымдағы Қазақстан» тақырыбында эссе жұмысы алынды. Оқушыларға патриоттық тәрбие беру және азаматтық көзқарастарын қалыптастыру мақсатында тарих пәні мұғалімдері Ақтөбе қаласы Ішкі саясат басқармасы этносаралық қатынастар қоғамдық келісім сарапшы - медиаторы Е.А.Азиевтің қатысуымен «Қазақстан – достық мекені» атты дөңгелек үстел өткізді. «Патриотизм дауысы» мемлекеттік гимнді жаппай орындау акциясы шеңберінде №40 орта мектебінің 180-нен астам 1 класс оқушылары жаппай еліміздің мемлекеттік Гимнін шырқады және мемлекеттік рәміздерге деген құрмет сезімін қалыптастыру мақсатында 8-11 класс оқушыларының Мемлекеттік Гимнді жаппай орындауы ұйымдастырылды. Мемлекеттің құндылықтары мен қағидаттарын құрметтеу, Отанын, туған елін сүйе тәрбиелеу мақсатында оқушылардың сынып ерекшеліктеріне байланысты «Ел мұраты – Тәуелсіздік» тақырыбында патриоттық диктант жазу және Қазақстан – страна моей мечты» тақырыбында эссе жазу сайысы өткізілді. Мектеп оқушылары арасында «Тәуелсіздік - болашағым» тақырыбында патриоттық әндер челлендж ұйымдастырылды. Республика күніне орай барлық сынып оқушыларын қамтыған «Бірлігіміз жарасқан Қазақстан» атты бірыңғай сынып сағаттары өткізілді. Балалардың бойында ұлттық сананы ояту, туған жеріне деген мақтаныш сезімін тәрбиелеу мақсатында тарих пәні мұғалімдері Қазақстан еліне виртуалды саяхат ұйымдастырды және үзіліс кезінде мектебіміздің кішкентай бүлдіршіндерімен байланыс орнатып, ел тарихы бойынша бірнеше сұрақтар қою арқылы «Пайдалы үзіліс» сағаты өткізілді. Қазақ тілі мен әдебиеті пәндері бірлестігінің ұйымдастыруымен «Қазақстан - Республикам менің» атты поэзия сағаты өткізіліп, оқушылар туған елге, жерге, Отанына деген құрметтері мен сүйіспеншіліктерін білдіріп, жыр шумақтарын арнады. Республика күнімен оқушылардың

мерекелік құттықтауы ұйымдастырылды. Республикалық «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымына 107 жас қыран, 55 жас ұлан салтанатты түрде қабылданды. «Тәуелсіз елдің білімді ұрпағы» атты бастауыш кластар апталығында 2 сынып оқушылары арасында «Тәуелсіздік- тірегім» атты патриоттық әндер байқауы, 16 желтоқсан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай бірыңғай класс сағаттары, бастауыш класс оқушылары арасында «Тәуелсіздік-тұғырым» атты көрме, тарих пәні бірлестігінің ұйымдастыруымен желтоқсан оқиғасының куәгері мектеп ұстазы Жания Камаладдинқызының қатысуымен желтоқсан батырларын еске алуға арналған танымдық сағаты өткізілді және шығармашыл ұстаз Нұргүл Асанқызының «Тасада өскен гүл» қойылымы сахналанды.«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында «Өзін-өзі басқару» ұйымы мен қалалық мәдениет Үйінің шығармашылық бөлім меңгерушісі Б.Б. Тілеповамен бірлесе «Ұлы даланың ұлы есімдері» жобасы аясында актриса, КСРО халық әртісі Сәбира Майқанованың туған күніне орай «Мен анамын, әлемнің анасымын» тақырыбында мектеп оқушыларына арналған танымдық кеш өтті. Ер азаматтың қашанда орны бөлек және олардың күш-жігері, ақыл парасатын жоғары бағалау мақсатында «Ер азамат атына лайық бол!» тақырыбында класс сағаттары өткізілді.Класс сағаттарына ер азаматтар мен оқушылардың әкелері қатыстырылды.

«Мұрагер» өлкетану үйірмесінің жоспары аясында Кеңес Одағының Батыры Әлия Молдағұлованың ерлігін үлгі ету және туған жердің тарихын құрметтеу мақсатында үйірме мүшелері Ақтөбе облыстық мемориалды музейіне және Қарғалы ауданында орналасқан «Қасқыр» сарқырамасына саяхат жасап, туған өлке тарихы және табиғаты туралы жаңа ақпараттармен танысты.

1 мамыр Қазақстан халықтарының бірлігі мерекесіне орай мектебіміздегі орыс және марей ұлтының оқушылары құттықтау бейнеролигін дайындады. Бірлік күніне орай барлық класта класс сағаттары өткізілді және мектепалды дайындық класының тәрбиеленушілері «Әрқашан күн сөнбесін!» тақырыбында асфальтқа сурет салу шарасына қатысты. Жеңіс күніне орай «Еркін ел ұрпағы» жалпыұлттық патриоттық диктант алынды. Мектеп кітапханашылары «Ер жігіт - ер қорғаны» атты кітап көрмесін жасақтап, Ұлы Отан соғысындағы қанды қырғынға қатысып, ерлікпен көзге түскен қазақтың ақын – жазушыларына арналған «Ерлік- елге мұра, ұрпаққа ұран» атты танымдық сағатын өткізді. Қаламын қаруға айырбастап, майданның алдыңғы шебіне ұмтылған жазушы қауымының соғыс жылдарындағы өмірімен таныстырып, қилы кезеңге байланысты олардың қаламынан туған шығармаларды оқушыларға таныстырды. Шара барысында «Ұрпаққа үлгі болған ерлік» тақырыбында кітап көрмесі ұйымдастырылып, библиографиялық шолу жасалды және «Қаламын қаруға айырбастап» атты бейнефильмі көрсетілді. Ақын-жазушыларымыздың отты жылдарда шығарылған өлеңдерін 7 класс оқушылары оқып берді. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында Ұлы Жеңістің 78 жылдығына арналып ұйымдастырылған «Желбіре жеңіс жалауы» атты мәнерлеп оқу шарасына 19 оқушы қатысып, бейнеролик түсірді. Тарих пәні мұғалімдері «Ұрпаққа ұран болған Ұлы Жеңіс» тақырыбында дөңгелек үстел өткізді. Шараға Кеңес Одағының батыры Әлия Молдағұлова атындағы Ақтөбе облыстық мемориалдық мұражайының ғылыми қызметкері Н. Жолдиева қатысты. Мектеп оқушылары «Ешкім де, ештеңе де ұмытылмайды» тақырыбында бейнеролик дайындады. Барлық кластарда Ұлы Отан соғысының батырларына арналған класс сағаттары өткізілді. Майданға аттанған ер азаматтардың орнын басып, бала жастан ауылдағы шаруашылыққа араласып, Жеңіс таңын жақындатуға ат салысқан тыл еңбеккерінің бірі Наурызбаева Зинеш апайға құрмет көрсетіліп, мектеп директоры Ж.У. Терекова мерекемен құттықтады және мектеп алды дайындық тобының тәрбиеленушілері ардагерге мерекелік өлеңдерін арнады.

Семей ядролық полигонынан зардап шеккен ақтөбелік Отан қорғаған ардагерлерге арналған ескерткіш-белгіге гүл шоқтарын қою шарасы ұйымдастырылды. Шараға «Ақтөбе облыстық Семей ядролық сынақ полигонының ерекше тәуекел етушілер бөлімінің ардагерлері» қоғамдық бірлестігінің жетекшісі Қ.Т. Маханбетов және «Семей ядролық сынақ полигонының жесірлері» қоғамдық бірлестігінің жетекшісі А.Султанова, еңбек ардагері Ж.А. Исатаева, мектебіміздің АӘД пәні мұғалімі,Тәжік-Ауған шекарасы соғысының ардагері Н. Б.Құлтаев қатысып, сөз сөйледі. Мектепшілік «Өзін-өзі басқару» ұйымы, мектеп оқушылары мен «Дүние» колледжінің студенттері өнер көрсетті. Шара соңында қонақтар мен мектептің «Жас сарбаз» әскери - патриоттық клубының мүшелері ескерткішке гүл шоқтарын қойды.

Соғыс алаңында әрдайым алдыңғы шептен көрініп, ерлікпен шайқасқан батыр Әлияның ерлігін бүгінгі ұрпаққа насихаттау мақсатында мектебіміздің 8 класс оқушыларына Ақтөбе облыстық

тарихи-өлкетану музейінің маманы Ә.Б.Шалманова дәріс сағатын өткізіп, Кеңес Одағы батырының өмірі және ерлігі туралы тың деректермен бөлісті.

Ақтөбе қалалық білім бөлімі «Әдістемелік кабинет» КММ мен мектебіміздің жоспарына сәйкес 2023 жылдың 16 мамыры күні «Туған жер - алтын бесігім» тақырыбымен туристік экспедиция өткізілді. Табиғат аясында ұйымдастырылған экспедицияның негізгі мақсаты туристік экспедиция жұмыстарын ұйымдастыру арқылы туған өлкенің тарихын, мәдениетін, экологиясын зерттеу, туристік маршруттар кластеріне енетін туған өлкенің әдемі және ішкі жерлерін насихаттау, туристік өлкетану жұмыстары қызметін жандандыру. Шараға қатысушылар 3 топқа бөлініп, «Туған өлке» тақырыбында Байғанин, Мәртөк, Алға аудандары бойынша туристік маршрут құрды және қорғады. Ақтөбе қаласы жас туристер стансасының туризм нұсқаушысы Н.О.Шүренбаев жетекшілігімен компаспен жұмыс жасап, Азимут бағытымен «Алтын көмбе» қоймасын іздеді және туризм техникасы бойынша түрлі кедергілерден өтті. Экспедиция соңында Ақтөбе облысы Төтенше жағдайлар департаменті жедел құтқарушылар жасағының құтқарушылары жетекшілігімен қатысушылар «Қарғалы» өзенінің ағысында қайықпен судан өтіп, «Дәрігерге дейінгі алғашқы көмек көрсету» тақырыбындағы практикалық сағатқа қатысты.

2022-2023 оқу жылын аяқтау тұжырымдамасына сәйкес оқу жылының қорытындысын шығару, жазғы демалыс кезеңіне балаларды әзірлеу мақсатында 4, 7, 8, 10, 11 кластарда «Татулық – достық кілті», «Тарихты білу – парызың!», «Ұлы тұлғалар ұмытылмайды», «Алаш зиялылары», «Патриотизм – ұлттық рухтың асқақ белгісі» тақырыптарында тақырыптық класс сағаттары өткізілді.

Алтын бесігіміз Ақтөбенің 154 жылдығына орай «Ақтөбем - мақтанышым!» тақырыбында көрме ұйымдастырылып, мектеп оқушылары қаламыздағы көрнекті жерлер, демалыс орындары, ғимараттар макеттерімен және ұлы тұлғаларымен танысты.

31 мамыр - Ашаршылық пен саяси қуғын сүргін құрбандарын еске алу күніне орай ұлт руханиятын ұлықтау мақсатында С.Бәйішев астындағы Ақтөбе облыстық әмбебап ғылыми кітапханасымен бірлесіп «Зұлмат жылдар зардабы» тақырыбында дөңгелек үстел өткізді. Шара барысында «Халық жауы» деп айыпталған саяси және қоғам қайраткерлерінің жұбайлары қамалған лагерьдің өмірін суреттеп, ондағы қиын тағдырлар көрінісінен мектеп оқушылары «Алжир» қойылымын көрсетті.

2022-2023 оқу жылында класс тәрбие жұмысын ұйымдастыру кезінде Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына, Роза Бағланованың 100 жылдығына, Қазыбек бидің 355жылдығына, Мұхтар Әуезовтің 125 жылдығына және Дінмұхамед Қонаевтың 110 жылдығына арналған класс сағаттары өткізілді.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеу мақсатында әр аптаның дүйсенбі күні мемлекеттік гимн айтылды. Мемлекеттік рәміздердің 30 жылдығына орай «Менің туым – менің мақтанышым» шығарма жазу сағаты, «Мемлекеттік рәміздер – ұлт мақтанышы» тақырыбында Ақтөбе облыстық мемориалдық музейінің ғылыми қызметкері Н. Жолдиевамен кездесу ұйымдастырылып, оқушыларға рәміздер туралы ақпараттар берілді.

Әскери патриоттық тәрбие

Сабақтан тыс уақытта оқушылардың Отанға деген сүйіспеншілігі мен азаматтығы негізінде, ұлтжанды тұлғаны қалыптастыру мақсатында «Жас сарбаз» әскери патриоттық клубы жұмыс жасады. 26.11.2022 жылы Ақтөбе қалалық білім бөлімі мектептерінің командалары арасында қалалық «Жас Ұлан» әскери спорттық сайысы өткізіліп, нәтижесі бойынша №40 орта мектебі командасы жүлделі ІІ орынға ие болды.

14.12.2022 жылы «Ерлік - елге мұра, ұрпаққа үлгі» тақырыбында ардагерлер қатысуымен ерлік сабағы өткізілді. Ерлік сабағына Ақтөбе облысының Таулы Карабах ардагерлер одағының төрағасы Дюсенбаев Толыбай Олжабайұлы, Тәжік-Ауған шекарасы ұрыс қимылдарының ардагерлері Ділдабаев Ғани Тоқтарұлы және Даулетов Серік Сатыбалдыұлы қатысты. Патриоттық іс-шара барысында кездесу қонақтары оқушылардың сұрақтарына жауап беріп, Еліміздің тәуелсіздік жолындағы жүріп өткен жолы жайлы толық мағлұмат берді. 10-11 класс оқушылары арасында Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай «Жас жауынгер-2022» әскери- қолданбалы спорттық сайысы ұйымдастырылып, нәтижесінде І орынға 11 «В» класы, ІІ орынға 11 «Б» класы, ІІІ орынға 10 «А» класы ие болды. Жастарды Отаншылдыққа тәрбиелеуде ерлік дәстүрлерге сүйене отырып, олардың ішкі жан дүниесі, ой-санасы мен сезімін дамытып, қалыптастыру мақсатында Ауған соғысы ардагерлерінің төрағасы Марат Айтуғанұлы Қойлыбаевпен және ҚББ «Әдістемелік кабинет» әдіскері Айбек Сағынбайұлы Айтбағанбетовпен кездесу өтті.

Кеңес әскерлерінің Ауғанстан Республикасынан шығарылуына 34 жыл толуына арналған естелік іс-шаралары аясында Ауған соғысының ардагері Мурсалимов Ермекбай Жеткеншекұлы және Тәжік-Ауған шекарасындағы ұрыс қимылдарының ардагері Тілеубаев Сәндібек Серікұлымен кездесу өткізіліп, болашақ Отан қорғаушыларға өздерінің жүріп өткен жолдары, соғыста көрген қиыншылықтары және өздерінің басынан өткерген оқиғалары туралы әңгімелеп, оларды болашақта елін, жерін қорғауға аянбай күш-жігер жұмсауға, өз елінің шын патриоты болуға бағыттады. Интернационалдық борышын адал өткерген азаматтардың ерлігін насихаттау, Отанды және елін сүйуге, қызмет етуге тәрбиелеу және әскери патриоттық тәрбие беру мақсатында 10-11 класс оқушыларына ауған соғысы оқиғасы баяндалатын «Охотники за караванами» көркемфильмінің көрсетілімі ұйымдастырылды және «Өшпес мәңгі дара жол» тақырыбында поэзия сағаты өткізіліп, 5-7 класс оқушылары ақын-жазушылардың жыр-шумақтарын оқыды.

19.04.2023 жылы Ақтөбе қаласында орналасқан ҚР Ұлттық Ұланы №6655 әскери бөлімінде ұйымдастырылған «Ер борышы - ел қорғау» атты ашық есік күніне арналған экскурсияға №40 орта мектебінің «Жас сарбаз» патриоттық клубының мүшелері қатыстырылды және клуб мүшесі А.Жалғасбай «Ақтөбе» телеарнасына сұхбат берді.

Чернобылдағы ядролық жойқын жарылыс апатының орын алғанына 37 жыл толуына орай мектебімізде «Ер міндет і- ел қорғау» тақырыбында ардагерлермен кездесу өткізілді. Бейбіт өмірдің қаһармандарымен өткен бас қосуға Чернобыл апатының зардабын жоюға қатысушы ардагер Шангереев Шархан Есенғалиұлы мен Тәжік-Ауған шекарасындағы ұрыс қимылдарының ардагері Дүйсенов Мейрхан Қартбайұлы қатысты. Ардагерлер бүкіл әлемді дүр сіл-кіндіріп, қаншама адамның жүрегіне жара қалдырған қасіретке толы апаттың тарихын таныстырды. Іс-шара соңында ардагерлер 2006 жылы туылған ер балаларға қалалық қорғаныс басқармасының әскери есепке тіркеу куәлігін табыстады.

15-19 мамыр аралығында 10 кластың ер балалармен оқу-далалық жиыны өткізілді. Жиын барысында тактикалық дайындық, атыс дайындығы, ҚРҚК әскери жарғылары және әскери топография бойынша оқу-жаттығулары жүргізілді және 10 кластың класс жетекшілері шынайы патриотизм мен батыллықтың үлгісі болған Ұлы Отан соғысының батырлары Т.Бигелдинов, М.Маметова, Бауыржан Момышұлының ерліктерін еске алу мақсатында ерлік сабақтарын өткізді.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу. «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының жұмысы

Мектепшілік «Адал ұрпақ» клубының жоспарына сәйкес мектеп оқушыларының қатысуымен «Адалдық – ардың ісі» тақырыбында сурет салу шарасы ұйымдастырылды. «Сыбайлас жемқорлықпен күрес - баянды болашақтың кепілі» кездесу сағаты ұйымдастырылып, мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің «Ақтөбе - Адалдық алаңы» жобалық кеңес сарапшысы А.Б. Тәжімұратов класс жетекшілермен және мектеп оқушыларына түсіндіру жұмысын жүргізді. Мектепшілік «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының жетекшісі А.Т. Шамырханованың ұйымдастыруымен еркін форматтағы кездесу барысында парасыз білім, Call центр, азаматтық ұстаным және адалдық туралы әңгіме қозғалып, тыңдаушылар мен дәріс оқушы арасында пікірталас өрбіді.

Мектепшілік «Адалдық» дүкені жыл бойы жұмыс жасады. 9 желтоқсан халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес күніне орай «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының ұйымдастыруымен «АДАЛДЫҚ САҒАТЫ» өткізілді. Адалдық сағатына қатысқан ардагер ұстаз Н.К.Нурғалиева оқушыларды адал, парасатты, әділ болуға шақырды және қазақ халқының әр заманда өмір сүрген ойшылдары мен ғұламалардың адалдық, адамгершілік жөніндегі сөздеріне мысал келтірді. Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің Ақтөбе облысы бойынша департаментінің ағымдағы жылдың 7 қаңтарындағы №6-11-6/42-И хатымен берілген ҚР Президентінің 2022 жылғы 2 ақпандағы Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын мектеп ұжымымен және «Өзін-өзі басқару» ұйымының ұйымдастыруымен мектеп оқушыларымен талданды.

Мектеп оқушылары мен ата-аналарына ҚР «Білім туралы» Заңының 63 бабына сәйкес мектепте оқушылардан және педагогтерден ақшаны өндіріп алуға тыйым салынғандығы және Ақтөбе облысы білім басқармасы мен Ақтөбе қалалық білім бөлімінің сенім телефондары туралы ақпарат берілді.

Мектеп ұжымына ата-аналар тарапынан ұстаздарға, мектепке сыйлық жасауға, жөндеу жұмыстарына және т.б. қаражат жинауға қатаң тыйым салынғандығы туралы ақпаратпен таныстырылды.

Құқықтық тәрбие

Құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша құқықтық тәрбие мен білім беруге арналған жоспарлы іс-шаралар өткізілді. Алғашқы шара Ақтөбе қаласы ПБ №1ҚПБ - нің анықтау бөлімшесінің қызметкері полиция капитаны Т.И. Ақжігітовтің 9-10-11 класс оқушыларымен кездесіп, құқық бұзушылықтың алдын алу бағытында түсіндіру жұмысынан басталды. Мектеп оқушыларының құқықтық ережелерімен таныстыру мақсатында оқушыларға арналған «Ішкі тәртіп» тақырыбында оқушыларды мектеп ережелерімен таныстыру жұмыстары жүргізілді. Жыл басында тыйым салынған заттарды алып кіруге шектеу қою мақсатында мектептің жарғысымен ішкі тәртіптемелерімен оқушылар және ата-аналар таныстырылып, жадынама таратылды. «Жасөспірімдердің тәртібі мен қауіпсіздігі – басты назарда» тақырыбында №1 ҚПБ КТІЖ УПИ полиция капитаны А.К. Конусова мектебіміздің 8-9-10-11 класс оқушыларына кәмелетке толмаған жасөспірімдердің заң алдындағы жауапкершілігі мен білім беру ұйымына алып кіруге, қолдануға болмайтын заттар туралы түсіндірме жұмысын жүргізді және жоғары класс ер балаларын мектепшілік «Тәртіп сақшылары» тобына салтанатты түрде қабылдау шарасын өткізді. Оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру және қоғамның заңдары мен нормаларын орындау, құрметпен қарау мақсатында құқық пәні мұғалімдері «Жасөспірім және заң» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырды.

Мектеп әкімшілігі мен ата-аналар бірлесе оқушылардың білім беру ұйымына әкелуге және қолдануға тыйым салынған заттарды әкелмеуі туралы түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, оқушылар сөмкесін тексеру шаралары ұйымдастырылды.

Күзгі каникул уақытында жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында №1 ҚПБ КТІЖ УПИ полиция лейтенанты Г.М. Мукашева 8-11 класс оқушыларымен кездесіп, оқушылардың түнгі мезгілде заңды өкілінсіз жүрмеуі, электрондық темекі қолданбауы және суық қару пайдаланбауы туралы түсіндіру жұмысын жүргізді. «Күзгі серуен, күзгі демалыс, күзгі ғажап!» атты балалардың күзгі демалыс кезіндегі бос уақытының қамтылуы бойынша ұсынымдар жоспарына сәйкес құқықтық тәрбие бағыты бойынша эстетика бірлестігінің ұйымдастыруымен «Қауіпсіз демалыс -2022» атты еркін форматта сурет салу шарасы ұйымдастырылды және мектепшілік «Тәртіп сақшылары» тобының мүшелері мен жоғары кластардың класс жетекшілері №1 ҚПБ КТІЖ УПИ қызметкерлерімен бірге «Жасөспірім» түнгі рейд шарасына қатысты.

6-7 класс оқушыларына «Ұрлық әдетке, әдет әдепті бұзатын ауыр күнәға апарады» тақырыбында қысқа метражды фильмдер топтамасы көрсетілді және «Менің де айтарым бар ...» айдарымен ой бөлісу сағаты, бастауыш класс оқушыларының арасында «Ұрлық – қылмыс» атты сурет салу шарасы ұйымдастырылып, мектеп формасына қойылатын талаптардың сақталуы туралы түсіндіру жұмысы жүргізілді. Құқық пәні мұғалімі З.А. Сұлтанованың ұйымдастыруымен «Ұрлық та, ұлылық та тәрбиеден ...» тақырыбында 5-6-7 класс оқушыларына танымдық шара өткізіліп, қазақ қоғамындағы жасалған ұрлықтың жазасы, Жеті жарғы заңы және халық даналығы туралы айтылды. Шараға №1 ҚПБ КТІЖ УПИ полиция капитаны Т.Х. Рахметов қатысып, ұрлықтың қылмыс екендігін, ұрлықтың жазаланатындығы (188 бап) туралы түсіндіру жұмысын жүргізді. «Қатыгездік пен зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» атты республикалық акция аясында зорлық-зомбылықтың алдын алу мәселелері бойынша «Неліктен адамдар бір-біріне зорлық көрсетеді?», «Қалай зорлық-зомбылыққа душар болмау керек?», «Қатыгездіксіз әлемді қалай құруға болады?», «Зорлық-зомбылықсыз әлемді қолдаймыз!», «Кибербуллингтен сақтану», «Кішілер мен әлсіздерді ренжітпеу», «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» тақырыптарында класс сағаттары өткізілді және балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың (бопсалау, кемсітушілік т.б.) алдын алу профилактикасы бойынша №1 ҚПБ КТІЖ УПИ Г.М. Мукашева мен мектеп психологтары оқушыларға түсіндіру жұмысын жүргізді. Ақтөбе қаласы полиция басқармасының тапсырысымен кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында түсірілген бейнероликтері көрсетіліп, агрессия ұғымы, жеткіншек кезеңдегі зорлық-зомбылық ерекшеліктері және оның алдын алу туралы айтылды. Соңында агрессиядан арылуға үйрету мақсатында «Зорлық-зомбылыққа жол жоқ!» тренинг жаттығуы өткізілді. «Қауіпсіз интернет» шарасы аясында мектебіміздің 4, 6-7 класс оқушыларына «Кибербуллингтен сақтану жолдары» тақырыбында мектеп психологтары А.М. Баймишева, С.Б. Мауениязова алдын алу профилактикасы бойынша дәріс-презентация жасап, оқушыларға жағымды көңіл-күй сыйлау мақсатында ойын, тренингтер өткізілді және бастауыш класс оқушылары арасында «Зорлық - зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында сурет көрмесі ұйымдастырылды. «Дарын» дебат клубының жетекшісі Р. Б. Ұзақованың ұйымдастыруымен «Балаларға қарсы зорлық-

зомбылықты толықтай жою мүмкін емес деп есептейді» тақырыбында дебат ойыны өткізілді. 8-9 класс қыз балаларына «Қыз тәрбиесі - ұлт тәрбиесі» және ер балаларына «Намысты қазақ жігіті» тақырыбында профилактикалық іс-шара ұйымдастырылды. Оқушыларға қазақ қызына тән қасиеттер, ер балаларға тән қажыр-қайрат, ерік-жігер, ақыл-парасат қасиеттері, зорлық-зомбылықтың түрлері, оның алдын алу бойынша нұсқаулық, жеке шекара түсінігі туралы ақпарат берілді. Сонымен бірге, «Өзіңді қылмыскерден қалай қорғауға болады?» тақырыбында кеңестер берілді.

20 қараша Халықаралық балаларды қорғау күніне орай «Бала құқығы-адам құқығы» атты онкүндік аясында құқық пәні мұғалімдері З.Д. Сарсенованың ұйымдастыруымен 9-11 класс оқушылары арасында «Құқығым бар ...» тақырыбында эссе жазу сайысы және А.С.Кенжебаеваның ұйымдастыруымен 5-6 класс оқушылары арасында «Әр бала құқылы» тақырыбында сурет салу шарасы өткізілді. М.Б. Арыстанова мен «Өзін-өзі басқару» ұйымы «Құқық» фракциясының министрі Н. Амантайдың ұйымдастыруымен «Мен құқығымды білемін» тақырыбында құқықтық сайысы өткізілді. Г.М. Саликина 10 класс оқушыларына «Балалық шақты бірге қорғайық!» тақырыбында бала құқықтары туралы Конвенцияның баптарына түсіндіру жұмыстарын жүргізді. «Құқықбұзушылықтың алдын алу - басты міндет» тақырыбындағы №1 ҚПБ КТІЖ УПИ аға лейтенанты Г.М. Мукашева құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында 8-9-10 класс оқушыларымен түсіндіру жұмысын жүргізіп, «Жасөспірім арасындағы құқықбұзушылық» тақырыбында дәріс оқыды. Кәмелетке толмағандар жасөспірімдер арасындағы келеңсіз жайттарды анықталуға бағытталған сауалнама алынып, сауалнама қорытындысы бойынша мектепшілік мобильдік топ түсіндіру жұмысын жүргізіп, оқушылардың мектепке суық ару әкелмеуі тексерілді. Оқушылардың құқықтық сана сезімін қалыптастыру мақсатында барлық класта «Бала құқығы. «Жасөспірім. Құқықбұзушылық. Жауапкершілік» тақырыптарында класс сағаттары өткізілді. Мектеп оқушыларына қысқы каникул кезіндегі қауіпсіздік шаралары мен құқықбұзушылықтың алдын алу туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Ақтөбе қаласы ПБ Астана ауданы №1 ҚПБ ЖПҚ КТІЖ УПИ полиция лейтенанттары Д.К. Женисова мен Н.Молдаш 9-10-11 класс оқушыларына кәмелетке толмағандардың қатысуымен болатын құқықбұзушылықтардың алдын алу мақсатында электрондық темекі қолданбау, түнгі мезгілде заңды өкілінсіз жүрмеу, ұрлық, ұсақ құқықбұзушылықтар жасамау және сабақтан себепсіз қалмау туралы түсіндіру жұмысын жүргізді. 5, 8 класс оқушыларымен «Қауіпсіз интернет» тақырыбында семинар-практикум өткізілді. Оқушыларға «кибербуллинг» түсінігі туралы, қайдан көмек алуға болатыны, егер кибербуллингке тап болсаң, ата-анаңмен қалай сөйлесу қажеттігі туралы ұсыныстар, кеңестер берілді. Буллингтің алдын алу мақсатында 6-7 класс оқушыларына өткізілген іс-шараға №1 ҚПБ ЖПҚБ КТІЖ УПИ полиция лейтенанты Н.Ж. Қиюбек пен Д.К. Женисова және мектеп психологы С.Б.Мәуениязова қатысты, шара соңында білім беру ұйымына әкелуге және қолдануға тыйым салынған заттар туралы ақпарат берілді. 27.02.2023 жылы Ақтөбе облыстық ғылыми тәжірибелік орталығының әдіскері, психологі Жасжанова Медеухан Тобышевнаның және №1 ҚПБ ЖПҚБ КТІЖ УПИ полиция лейтенанты Дария Көбейсінқызы Женисованың қатысуымен 8-11 класс оқушыларына арналған «Құқықбұзушылық және буллинг» тақырыбында кездесу ұйымдастырылды. Кездесу барысында жасөспірімдердің арасындағы буллингтің түрлері, әлеуметтік желілердегі қарым-қатынас туралы кең мағлұмат берілді және сенім телефоны, сенім жәшігі, call центр туралы хабарланды. Оқушыларға «Сенім. Қолдау. Кеңістік» және «Біз бірге өмір сүреміз» бейнероликтері көрсетіліп, тренинг өткізілді.

Ақтөбе облысының прокуратурасының «Байқаңыздар, алаяқтар!» жоспарының 8-тармағын орындау мақсатында мектеп оқушылары үшін әзірленген бейнеролик көрсетіліп, алаяқтықтың өсу себептері мен жағдайларын анықтау мен алдын алу туралы ақпараттық түсіндірі жұмысы жүргізілді.

Балалар мен жасөспірімдер арасындағы қорқыту, кемсіту белгілі бір топқа біріккен оқушылардың өзінен ерекшеленетін баланы шеттетуінің алдын алу мақсатында Ақтөбе облысы бойынша ҚАЖ департаменті ардагерлер қоғамының төрағасы, мектепшілік қамқоршылық кеңесінің мүшесі С.А.Баймағамбетов пен Ақтөбе облысы бойынша ҚАЖ департаменті Кадр саясаты бөлімшесінің бас маманы Әділет подполковнигі С.Б. Нуртазин буллинг туралы түсінік беріп, оқушылармен қызықты пікірталас өткізді. Ал мектепшілік «Өзін-өзі басқару» ұйымы құқық фракциясының жетекшісі Н. Амантай құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша жаднамалар таратты.

Ақтөбе облысының бала құқықтары жөніндегі уәкілі Е.Қ. Аймағамбетов туралы ақпарат мектеп дәлізіне ілініп, әлеуметтік парақшада оқушылар мен ата-аналарға ақпарат берілді.

Балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу мақсатында 8 «А», 9 «Ә», 9 «В» класс оқушыларына №1 ҚПБ ЖПКБ КТІЖ УПИ полиция лейтенанты Д.К. Женисова түсіндіру жұмыстарын жүргізді. 5-6-7 класс оқушылары арасында №1 қалалық полиция бөлімінің кәмелеттік жасқа толмағандар ісі жөніндегі инспекторлары Е.Ж. Жәнібек пен Д.К. Женисовамен кездесу өткізілді. Кездесу барысында кәмелетке толмағандардың қатысуымен орын алатын құқық бұзушылықтар мен олардың зардаптары, кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қатысты орын алған қылмыстар және одан сақтандыру жолдары, білім беру ұйымына әкелуге тыйым салынған заттар (ұялы байланыс телефондары) туралы айтылып, түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Сонымен бірге оқушылар арасында құқық бұзушылыққа жол бермеу мақсатында арнайы дайындалған бейнероликтер көрсетілді.

7, 8, 9, 10 класс оқушыларының қатысуымен оқушылардың, ата-аналардың, мұғалімдердің назарын кәмелетке толмағандар арасындағы буллинг мәселесіне назар аудару, зорлық-зомбылықтың кез келген түріне қарсы тұруға белсенді қатысуға жәрдемдесу мақсатында «МЕНИҢ МЕКТЕБІМ БУЛЛИНГКЕ ҚАРСЫ!» тақырыбында жалпы республикалық флешмоб ұйымдастырылды және 5 «Б», 5 «В», 5 «Г», 6 «Д», 7 «В», 8 «Ә», 9 «Б» класс оқушыларына жазғы демалыс кезінде көруге ұсынылатын фильмдердің алғашқы көрсетілімі ұйымдастырылды.

Мектеп оқушыларына Ақтөбе қаласы прокуратурасының балалар мен жасөспірімдерге арнап әзірлеген прокурормен тікелей байланысуға мүмкіндік беретін QR код туралы ақпарат берілді. «Бала еңбегін қанауға қарсы 12 күн» науқаны аясында кәмелетке толмағандарды оқудан тыс уақытында денсаулықтарына зиян келтірмейтін және оқу үдерісін бұзбайтын жұмысқа ата-анасының немес заңды өкілдерінің жазбаша келісімі болған жағдайда 14 жастан бастап қабылданатыны және еңбектің ең нашар түрлеріне тартылмауы туралы оқушыларға ақпараттық түсіндіру жұмысы жүргізіліп, «Күншуақ» лагері демалушыларына бала еңбегін қанауға қарсы насихаттық шара өткізілді және жадынамалар таратылды. Мектеп психологі тарапынан мектепте ішкі моральдық –психологиялық ахуалына әсер ететін бейресми көшбасшыларды анықтау мақсатында сауалнамалар алынып, сараптама жасалынып, қорытыланды, нәтижесінде бұл топқа жататын оқушылар анықталмады. Мектепте сенім телефоны мен «Сенім жәшігі» жұмыс жасады. Мектебімізде 34 бейнекамера жұмыс жасайды, орын алған келеңсіз оқиғалар бейне камералар жазбалары арқылы қадағаланады. Кешкі уақытта балалардың заңды өкілінсіз жүрмеуінің алдын- алу мақсатында №1 ҚПБ қызметкерлері, ата-аналар және мұғалімдермен бірлескен «Түнгі қала», «Жасөспірім» рейді өткізілді. Құқықтық тәрбие және құқық бұзушылықтың алдын алу кеңесі жоспарлы түрде ай сайын өткізіледі және тәртіп бұзған, сабақтан себепсіз қалған оқушылар тәртібі, т.б. орын алған оқиғалар кезектент тыс қаралды. Желтоқсан айында №1 ҚПБ-нен ұрлық жасаған 1 оқушы тіркеуден алынды, қазіргі таңда қалалық полиция бөлімінде тіркеуде оқушы жоқ, ал жыл басынан бері мектепшілік есепте 14 және «Тәуекел тобына» 3 оқушы тіркеуде болды. 2023 жылдың қаңтар айынан бастап Дуйсемуратовтар отбасы «Қолайсыз» отбасы тізіміне алынды.

Рухани-адамгершілік тәрбие бағыты. 1 қазан Халықаралық қарттар күніне орай «Атам мен әжеме алғысым шексіз», «Ақылшы, ардақты жандар», «Қарттар –асыл қазына», «Қарты бар ел – қазыналы ел», «Ата-бабамыз – даналықтың алтын кілті», «Өмірі бізге өнеге қарттарым» тақырыптарында класс сағаттары, ««Атам мен әжеме алғысым шексіз» тақырыбында бейнеролик түсірілімі, «Атам мен әжемнің ауылына барғанда» тақырыбында сурет салу шарасы өткізілді және мектебіміздің ардагер ұстаздарын құттықтау шарасы ұйымдастырылды. Ізгі қасиеттерді оқушыларымыздың бойына дарыту мақсатында Ақтөбе облысы жастар мен балалар ұйымдарының қауымдастығы ЗТБ төрағасы Жандос Табылғановпен кездесу кеші өткізіліп, еріктілер қозғалысы және қайырымдылық жасау туралы әңгіме сұхбат жүргізілді. Алғыс айту күніне орай «Сізге алғысым шексіз!» акциясы аясында мектеп оқушылары мен «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының мүшелері ұстаздарға, мектепшілік «Тәртіп сақшылары» тобының мүшелері полиция қызметкерлеріне, мектеп ұстаздары мен оқушылары қала көшелері мен қоғамдық көліктердегі жолаушыларға алғыс айтып, бейнеролик түсірді және «Алғыс айту» бұрышы жасақталып, оқушылар мен мектеп ұжымы өз тілектерін жазып қалдырды. Қайырымдылық акциялары. Балалар жылына орай мектепшілік «Балалар бақытты болу үшін жаралған» қайырымдылық акциясы ұйымдастырылып, мектебіміздің ерекше қажеттіліктері бар 12 балаға «KeruenCity» ойын сауық орталығында демалыс шарасы ұйымдастырылды. Аталмыш шараға Ақтөбе облысы жастар мен балалар ұйымдарының қауымдастығы ЗТБ

демеушілік жасады. Мектебімізде 7 кластың оқушылары мен ата-аналары арасында өткен «Күзгі дәм» жәрмеңкесінен түскен 100 000 тг қаржыға 2 отбасының 6 баласына жылы күртеше алынды. Мектепшілік «Өзін-өзі басқару» ұйымы «Қамқорлық» фракциясының ұйымдастыруымен өткен «Қайырымды жұма» қайырымдылық акциясы аясында мектебіміздің ерекше санаттағы 20 оқушысына оқу құралдары табыс етілді. 25.12.2022 жылы Ақтөбе қаласында облыстың әр өңірінен келген балаларға «Қош келдің, Жаңа жыл- жаңа белес, жаңа арман!» атты Қазақстан Республикасының Президенті атынан жаңа жылдық шырша ұйымдастырылып, мерекелік шараға мектептен қамқорлықтағы 2 оқушы қатыстырылды. Астана ауданы әкімдігінің Жаңа жылдық ертеңгілігіне мектебімізден 3 оқушы қатысып, жаңа жылдық сыйлықтар табыс етілді. Мектепшілік Жаңа жыл мейрамына орай «Балаларға сыйлық» акциясы және жаңа жылдық ертеңгілік ұйымдастырылып, мектеп әкімшілігі үйде оқытылатын, ерекше санаттағы балаларға демеушілер тарапынан ұйымдастырылған сыйлықтарды табыстады. Жастар арасында қайырымдылыққа тарту және волонтерлықты дамыту мақсатында ұйымдастырылған «Күшіміз бірлікте!» облыстық сайысы аясында мектебіміздің жас мамандары немерелерін бағып отырған әжейге азық-түлік апарып, көмек көрсетті. Түрік еліне көмек көрсету мақсатында мектеп ұжымы қайырымдылық шарасын жасады. Оқушылардың бойына қайырымдылық пен ізгіліктің дәнін себу, олардың бойында белсенді өмірлік ұстанымдарға қатысты дағды қалыптастыру мақсатында «Күшіміз бірлікте» атты облыстық акция аясында мектеп еріктілері білім ордасының ауласын және аумағын қалың қардан тазартуға ат салысты. Рамазан айында «Игі істер күні» әлеуметтік және қайырымдылық іс –шарасы ұйымдастырылып, 10 «А», 10 «Ә», 11 «Э», 9 «Г» класс оқушылары аз қамтылған, көп балалы отбасыға, жалғыз басты анаға және «Жусан» операциясымен елге оралған отбасына көмек көрсетсе, 10 «Б» класының оқушылары қала тұрғындарына ауызашарға су мен құрма ұсынды. 9 «Г» класы мектептегі кіші қызметкерлерге көмектесіп, оқу кабинеттеріне тазалық жұмыстарын жүргізсе, 9 «Д» класы мектеп ауласын қоқыстардан тазартты. 11 «Б» класы «Үміт» сәбилер үйіне материалдық қолдау көрсетіп, сәбилерге арналған тағамдар мен төсеніштер сыйға тартты.

Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу жұмыстары. Мектепте діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу жұмыстарын ұйымдастыратын ақпараттық түсіндіру тобы құрылды. Алдымен мектепте дінге бейім ата ана, отбасы анықталды. Қоғам алдында тұрған күн тәртібіндегі өзекті мәселенің бірі діни сауаттылық бойынша «Дін мәселелері және қоғаммен байланыс жөніндегі орталық» мамандары теолог А.Б. Ұзақбай және психолог Т.Т. Тулепбергенов жасөспірімдердің жат діни ағым жетегіне еріп, адасу жолына түспеулері үшін ақпараттық – түсіндірме жұмысын жүргізді, танымдық бейнеролик көрсетіп, лаңкестіпен білім арқылы күресуге шақырды. Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу мақсатында ақпараттық түсіндіру тобының ұйымдастыруымен 9 класс оқушыларына «Мумбай қонақ үйі» фильмі көрсетіліп, талқыланды. Жалған терроризм мен алдағы дайындалып жатырған терроризм актісі туралы жалған хабарлау туралы ақпараттық түсіндіру жұмысы жүргізілді. Мектеп оқушыларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында АӘД пәні мұғалімімен бірлескен оқу дайындық жаттығу сағаты өткізілді. Оқушылардан сауалнама алынып, діни сауаттылық бойынша «Дін мәселелері және қоғаммен байланыс жөніндегі орталық» жадынамалары таратылды. Облыстық білім басқармасының әлеуметтік тапсырысы аясында ұлттық дәстүрлерді насихаттау, рухани - адамгершілік құндылықтарды сіңірту мақсатында мектептегі ата-аналары немесе өздері деструктивті діни ағымды ұстанатын мектеп оқушылары (мақсатты топ оқушылары) «Қазақстан еріктілер лигасы» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен мектеп оқушылары Қобда ауданындағы Қобыланды батыр мемориалдық кешеніне, облыстық планетарийге, Өнер музейіне және Анаға тағзым орталығына саяхат жасады, сонымен қатар бассейн, ағылшын, таэквон-до үйірмелерімен қамтылып, торт пісіру шебер класына қатыстырылды.

Мектебіміздегі террористік әрекеттен зардап шеккен балаға әлеуметтік, психологиялық және педагогикалық қолдау көрсету мақсатында тәлімгер бекітіліп, оқушымен жеке жұмыстар жасалды. Мектебіміздегі дінге бейім оқушылар саны - 8, ал ата-аналары деструктивті діни ағымды ұстанатын отбасы балалар саны – 9 3.

Ұлттық тәрбие бағыты

Облыстық өнер музейінде «Балалар жылына» орай музей жанынан құрылған «Дәстүр мектебі» жетекшісі, Қазақстан қолөнершілер одағының мүшесі, ұстаз-психолог Лаура Бердібекқызымен «Өнерлінің өрісі кең» тақырыбында мектеп оқушыларымен кездесу ұйымдастырылып, қазақ халқының тұрмыстық мәдениетінде қолданылған ұлттық қолөнер

бұйымдарының шығу тарихы, жасалу жолдары, өңіріміздегі белгілі қолөнер шеберлері туралы кең мағлұмат берілді. Өңірімізге қанат жайып, өскелең ұрпақтың құлшынысын арттырып жатқан «Ер Едіге» жыр мектебі шәкірттерінің «Бала жырау» атты жыр мерекелік кешін мектебіміздің оқушылары «Алақай» театрында тамашалап қайтты. Халқымыздың тұрмыс – салтын, әдет-ғұрпын, нанымын, дүниетанушылық көзқарасын сақтауға, жат әдеттен аулақ болуға, адал еңбек етуге тәрбиелеу мақсатында «Мектеп, ата-ана, ұстаз бірлігі - саналы ұрпақ тәрбиесінің ізгі жолы» тақырыбындағы ата-аналарға арналған айлық аясында «Оқуға құштар мектеп жобасы» бойынша бастауыш класс оқушылары мен ата-аналарына 4 класс оқушылары «Ұр, тоқпақ!», «Жеті лақ» ертегілерін, 5-6-7 класс оқушылары «Аяз би», «Жеті жарғы», «Жусан иісі» қойылымдарын сахналады. Көрісу күніне орай «Амал келді – жыл келді» тақырыбында ұстаздар, оқушылар, ата-аналар, қамқоршылық кеңес мүшелері және «Сырғалым» қыздар клуб мүшелерінің қатысуымен мерекелік шара өткізілді.

«Тоғыз айға 9 іс-шара тұжырымдамасына сәйкес оқушылардың эстетикалық және патриоттық сезімдерін, рухани-адамгершілік мәдениетін қалыптастыру, домбыра тарту мәдениетін насихаттау және еліміздің мәдени мұрасын сақтау мақсатында Республикалық бірыңғай домбырашылар челленджі ұйымдастырылып, мектебіміздің домбырашылар ансамблі қазақ халқы күйшілерінің күйлерін тартты.

Наурыз мерекесіне орай барлық кластарда ата-аналарының қатысуымен класс сағаттары өткізіліп, халықтық салт-дәстүрлер көрсетіліп, ұлттық өнер мен дәстүрді насихаттайтын ерекше мереке ұйымдастырылды. Денсаулықты нығайтуды көздейтін және ұлттық ойындарды насихаттау мақсатында 5-7 класс оқушыларына асық ату, қол күрес, арқан тарту ұлттық ойындары және гир спортынан сайыс ұйымдастырылды. Бастауыш класс оқушыларының ата-әжелері арасында «Бата күні» шарасы ұйымдастырылып, қазыналы қарттарымыз бата берді. 22 наурыз күні мөлтек аудан тұрғындарына Наурыз мерекесі ұйымдастырылды. Мерекелік шарада №26, №40 орта мектебінің оқушылары, мектеп ұжымы және ата-аналары өнер көрсетіп, «Төрлет, өз Наурыз!» тақырыбында мерекелік концерттік бағдарлама ұсынды. Мерекеде Ақтөбе облысы әкімінің орынбасары Елеусинова Бұлбұл Ораққызы мөлтекаудан тұрғындарына жылы лебізін айтып, ұйымдастырушы мектеп ұжымына ризашылығын білдірді. Мектеп ауласына киіз үй тігіліп, қазан асылып, тұрғындарға ақ дастархан жайылып, ауданымыздың ардагерлері мен қарияларына құрмет көрсетілді. Мерекеге келген қонақтар мен көрермендер ыстық бауырсақ, наурыз көже, күріш тағамынан дәм татты. Мектеп оқушыларының қолөнер бұйымдарынан көрме ұйымдастырылып, ұлттық ойын түрлерінен сайыс өткізілді. Көрермендер викториналық сұрақтарға жауап беріп, әсем әнге би биледі. Жеңімпаздарға дипломдар мен наурыз сыйлықтары берілді.

«Сырғалым» қыздар клубының жұмысы

Қыз бала тәрбиесіне ерекше мән беру мақсатында мектепшілік «Сырғалым» қыздар клубы жұмыс жасады. Клуб жетекшісі Г.Н. Жакишеваның ұйымдастыруымен «Қазақ отбасындағы қыз бала тәрбиесі» тақырыбында әңгімелесу сағаты ұйымдастырылып, алғашқы отырысы өткізілді.

«Сырғалым» қыздар клубының мүшелері қыздардың өз әйел табиғатына тән қасиеттерін сақтап, өз орнын таба білуіне жәрдем беру, сырласу мақсатында алға қойылып, «Үлгілі келін-2022» облыстық байқауының жүлдегері Махмутова Ақгүл Бауыржанқызымен кездесу өткізді. №1 қалалық емхананың психологтары Л.Н. Кешубаева мен Г.А. Утегенова, мектеп дәрігері С.М. Махамбетова және медбике Э.К. Табанова «Ерте жүктілік - қыз арына түскен қара дақ» тақырыбында 8-9-10 класс қыздарына қыз баласының жекелік денсаулығын күтінуі, ерте жүктілік салдары мен оның алдын алу шаралары туралы түсіндірме жұмысын жүргізді және қыз балаларға жасалған қарсы қылмыстық іс-әрекеттер барысында өзін-өзі ұстауы туралы нұсқау берді. Мектеп психологы С.Б. Мәуениязованың және «Ақпарат» фракциясының ұйымдастыруымен «Қыз бала - ұлттың ұяты, халықтың шырайы» тақырыбында мектеп оқушыларымен кездесу өткізілді. Кездесу барысында қаракөз қазақ қыздарының бойына халықтық тәлім - тәрбие негізінде жан сұлулығын қалыптастыру жолдарын көрсетті. №1 қалалық емхананың жасөспірімдер дәрігері Есеркепова А.С., психологы Зақпаева Г.Ж. және мектеп психологы Баймишева А.М. «Ерте жүктілік және жасөспірім» тақырыбында 8-9-10 класс қыздарына қыз баланың денсаулығын күтінуі, ерте жүктілік салдары және оның алдын алу шаралары, жеке гигиена туралы түсіндірме жұмысын жүргізіп, дәріс оқылды.

Көрісу күніне орай «Амал келді – жыл келді» тақырыбында ұйымдастырылған мерекелік шарада «Сырғалым» қыздар клубының мүшелері ұлттық салт-дәстүрлерімізді көрсетті.

Отбасы күніне орай мектепшілік «Сырғалым» қыздар клубының жетекшісі Г.Н. Жакишева, №1 қалалық емхананың гинеколог маманы Малкайдар Жадыра Дуйшембиевна және психолог Кешубаева Ляззат Нурполатовна 8-10 кластардың қыз балаларына әңгіме сағатын өткізді. Әңгіме сағатының мақсаты - отбасын жоспарлау және неке мәселелері бойынша санитарлық ағарту және кеңес беру, жыныстық өмірдің ерте басталу қаупі туралы ағарту. Клуб жетекшісі мен мүшелері де қазіргі заман қыз бала тәрбиесіне ерекше мән беруді қажет ететіндігі туралы өз ойларымен бөлісті. Шара соңында «Сырғалым» қыздар клубының белсенді мүшелері марапатталды.

Отбасылық тәрбие бағыты

Қазақстан отбасы күні мерекесіне орай мектеп оқушылары арасында «Менің отбасымның жақсы дәстүрлері» тақырыбында сурет көрмесі, «Мен анаммен мақтанамын!» және «Әкешім-ақылшым, мен сізді жақсы көремін!» тақырыптарында бейнеролик түсіру шарасы, 5 класс оқушылары мен ата-аналарының қатысуымен «Әкем, анам және мен» атты отбасылық спорттық сайысы өткізілді. 1-4 кластарда «Отбасым-бақыт мекені», 5-8 кластарда «Отбасы-сыйластық орнаған орта», 9-11 кластарда «Отбасы – ұлттың тірегі» тақырыптарында бірыңғай класс сағаттары өткізілді.

20 қараша Халықаралық балаларды қорғау күніне орай әлеуметтік педагог М.Е. Өтегенованың ұйымдастыруымен «Отбасым - бақыт мекені» тақырыбында қамқоршы Наримбетова Лаззат Аралбайқызымен кездесу өткізілді. Отбасының бала өміріндегі маңызы, ұлттық тәрбие құндылығы және бала құқығы туралы пікірталас болды.

2022-2023 оқу жылын аяқтау тұжырымдамасына сәйкес оқу жылының қорытындысын шығару, жазғы демалыс кезеңіне балаларды әзірлеу мақсатында 1, 2, 5, 6, 9 кластарда «Отан отбасынан басталады», «Отбасы – Отан тірегі», «Отбасы – тәрбие бесігі» тақырыптарында тақырыптық класс сағаттары өткізілді. Қазақстан халқы ассамблеясының бастамасымен Халықаралық балаларды қорғау күніне арналған «Балалық шақ әлемі қандай ғажап!» атты республикалық флешмоб тұжырымдамасына сәйкес «Бақыт, күн, достық – балаларға» атты спорттық флешмоб өткізіліп, балаларға қазақ, қырғыз, орыс, қытай ұлттарының ұлттық ойындары және спорттық қозғалыс ойыны (эстафета) ойнатылды. «Әр түрлі ұлттардың балалары! Болашақ сіздің қолыңызда!» атты шығармашылық флешмоб аясында оқушылар қазақ, орыс халқының әндерін шырқады және мальбертте, асфальтта сурет салу байқауына қатысты және қолөнер бұйымдарынан көрме ұйымдастырылды. «Қоғамдық келісім» КММ ұйымдастыруымен «Әрқашан күн сөнбесін!» атты мерекелік іс-шарасына мектебіміздің бастауыш класс оқушылары қатысып, асфальтқа сурет салу, музыкалық флешмоб және спорттық жарысына қатысты. Балаларды қорғау күні қарсаңында Орталық саябақта ұйымдастырылған шараға мектебімізден көркем еңбек пәнінің мұғалімдері және мектептің өнерлі оқушылары Серік Жансая, Арыстан Ақнұр, Садық Нұрай қатысып, қолөнер туындыларынан көрме жасап, Ақтөбе облысының әкімі Ералы Тоғжанов оқушылармен сұхбаттасты. Қалалық мәдениет үйі алаңында «Бала бақыты бәрінен биік» атты мерекелік іс-шарасы ұйымдастырылып, мектеп алды дайындық тобының тәрбиеленушілері мен мектебіміздің жас өнерпаздары ән айтып, би билеп өз өнерлерімен жиналған қауымның ыстық ықыласына бөленді. Мектептің аз қамтылған және көп балалы отбасы балаларына арналып мектеп жанынан екі апталық «Күншуақ» жазғы демалыс лагері және балалар алаңқайы жұмыс жасады.

Ата-аналармен жұмыс. Мектеп ата-аналары арасында дәстүрлі «Мектепке жол» акциясына ұйымдастырылып, аз қамтылған отбасы балаларына материалдық көмек көрсетілді.

Мектеп табалдырығын аттаған 1 класс оқушыларының ата-аналарына алғашқы жиналыс өткізіліп, оқу жылының оқу-тәрбие процесіндегі ерекшеліктері және мектептің ішкі тәртіп ережелері таныстырылды, психологиялық кеңес берілді.

Қазақстан отбасы күні мерекесіне орай «Отбасы- тәрбиенің басты ұясы» тақырыбында 1, 5, 10 класс оқушыларының ата-аналарына психологиялық тренинг сағаты, 5 класс ата-аналарының қатысуымен «Әкем, анам және мен» атты отбасылық спорттық сайысы өткізілді.

Облыстық жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен өткен «Үлгілі келін - 2022» отбасылық байқауында А.Б. Махмудова ІІ орынға ие болды.

Қыркүйек айында «Баланың бас ұстазы – ата-ана» тақырыбында класс және жалпы мектепшілік ата-аналар жиналысы өткізіліп, балаға қарсы қылмыс, зорлық-зомбылықтың алдын алу, класс оқушыларының тәртіп мәселесін күшейту, мектепте жарақат алуды болдырмау туралы ақпарат беріліп, мектеп формасына қойылатын талаптар мен білім беру ұйымына әкелуге тыйым салынған заттар тізбесі таныстырылды, оқушылардың бос уақытын ұйымдастыру мақсатында үйірме, секция жұмыстарымен қамту мәселесі қозғалды. «Ашық

есік» шарасы ұйымдастырылып, ата-аналар мектеп әкімшілігі және пән мұғалімдерімен кездесіп, жеке кеңестер алды.

Туындаған мәселелер бойынша мектептің «Сенім» электрондық почтасы мен 44-59-17 «Сенім» телефонының жұмыс жасайтындығы мектеп ата-аналарына хабарланды.

Ресми емес кездесу жағдайында ата-аналардың педагогикалық және психологиялық білімі мен іскерлігін көтеріп, оларға практикалық педагогикалық – психологиялық қолдау көрсету мақсатында мектепшілік «Үйлесім» ата-аналар клубы ашылды. Клуб жоспарға сәйкес ата-аналарға кеңес беріп, тренингтер, жаттығулар өткізіп, мектеп ата-аналарымен тығыз байланысты жұмыс жасады. I тоқсанның қорытындысы бойынша «Тәрбиенің ең тамаша мектебі – отбасы» тақырыбында класс ата-аналар жиналысы өтіп, «Ұрлық та, ұлылық та тәрбиеден...» тақырыбында баяндама оқылды.

«Үйлесім» ата-аналарға арналған психологиялық клубының ашылу салтанаты өтті. Ашылу салтанатында Ақтөбе облысы Қазақстан Халқы Ассамблеясы аналар кеңесінің төрайымы, Ақтөбе облысы әкімі жанындағы әйелдер істері және отбасылық демографиялық саясат жөніндегі комиссия мүшесі Калиева Жұмабике Шамшадинақызы, Қазақстан Республикасының құрметті азаматшасы, Патриоттық белсенділігі үшін медалінің және «Ұлағатты ұстаз» төсбелгісінің иегері, медиатор Әбілдаева Бибігүл Әбдішүкірқызы, Облыстық музей жанына құрылған «Дәстүр» мектебінің жетекшісі, Қазақстан қолөнершілер одағының мүшесі, ұстаз-психолог Бердібекова Лаура Қуантайқызы, Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы, психологиялық-әлеуметтік қолдау бөлімінің әдіскер-психологі, магистр Жасжанова Медеухан Тобышевна және ақын, Қазақстан жазушылар Одағының мүшесі, Ақтөбе газетінің тілшісі Тілеулесов Талғат Бұрқанұлы қонақ болып, ата-аналарға кеңес айтты, клуб жұмысының жетекшілері - мектеп психологтары ата-аналармен тренингтер өткізіп, кері байланыс жасалды.

II тоқсанның қорытындысы бойынша «Ұрпақ болашағы - тәрбие мен білімде» тақырыбында класс ата-аналар жиналысы өткізіліп, мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан Республикасының 2022-2026 жылдарға арналған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының тұжырымдамасын талданып (ата-аналардан заңсыз ақшалай қаражаттың жиналмауы туралы түсіндіру), «Жасөспірімдер арасындағы суициальды мінез - құлықтың себептері және болдырмау жолдары» тақырыбында психолог кеңесі тыңдалды.

Оқу мен тәртіптегі қиындықтарды анықтау, баланың әлеуетті мүмкіндіктері мен қабілеттерін анықтау; ата-ананың көзінде баланың мәртебесін арттыру мақсатында жүргізілетін отбасылық оңалту, білім беру процесінің әр түрлі қатысушыларына практикалық ұсынымдарды әзірлеу мақсатында мектебіміздегі ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың заңды өкілдерімен, мектеп директорының жалпыға бірдей білім беру ісі бойынша орынбасары, класс жетекшілері, мектеп психологі, логопед, педагог-ассистенттің қатысуымен педагогикалық-психологиялық сүйемелдеу отырысы өтті.

«Мектеп, ата-ана, ұстаз бірлігі - сапалы ұрпақ тәрбиесінің ізгі жолы» тақырыбындағы ата-аналарға арналған айлық аясында ұйымдастырылған «Ашық есік» күні шарасына мектеп ата-аналары қатысты және оқушыларға еңбек, экологиялық және әскери патриоттық тәрбие беру мақсатында ата-аналардың класс сағаттарын өткізуін ұйымдастыру арқылы класс жетекшісі мен ата-ананың ынтымақтастығы жүзеге асырылды. 11 класс оқушыларының ата-аналарымен «ҰБТ -2023: жаңа өзгерістер мен ерекшеліктер» тақырыбында кездесу өтіп, мектеп директорының оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Х. Бекмуханова 2023 жылғы ҰБТ форматындағы өзгерістермен таныстырды. Бала тәрбиесіндегі қиыншылықтарды сезінетін отбасыларға тәжірибелі ата-аналарды тәлімгерлікке тарту мақсатында «Ата-аналарға арналған қонақ бөлме» атты кездесу сағаты ұйымдастырылды. Кездесуге келген ата-аналармен бала тәрбиесіндегі кездесетін қиыншылықтарды шешу, ата-аналардың балада проблемалар туындаған кезде көмектесудегі сөзсіз күші және баланы тәрбиелеудегі ата-ана құзыреттілігінің маңыздылығы туралы сұхбаттасып, мектеп психологтары «Бейсана күші», «Сиқырлы айна», «Креативті рефлексия» тренингтерін өткізді. Мектепшілік қамқоршылық кеңесінің мүшесі А.Т. Аманшина мен «Аналар» кеңесінің мүшесі Г.Н. Жакишева бала тәрбиелеудегі өз іс-тәжірибелерімен бөлісті. «Қыз тәрбиесі: қыз - болашақ ана» атты кездесуге 7-8-9 кластардың қыз балалары мен аналары қатысты. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ғылыми-техникалық жобасына сәйкес Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медициналық университетінің «Қалыпты физиология» кафедрасының аға оқытушысы Д.С.Кульжанова мен жасөспірімдер акушер - гинекологы С.А. Тубулбаева жасөспірім қыздардың репродуктивті денсаулығы туралы ақпаратпен таныстырып, жоба

туралы түсіндіру жұмысын жүргізді. Кездесуге келген қыз балалар мен аналары сауалнама жұмысына қатысты. Мектепшілік «Сырғалым» қыздар клубының жетекшісі, «Аналар» кеңесінің мүшесі Г.Н.Жакишева қыз бала тәрбиесі туралы өз ойымен бөлісті. 16 ақпанда ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушылардың ата-аналарына арналған дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Ақтөбе қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің мамандары Г.К. Бурамбаева., Н.О. Иманғалиева, баспана нарығына шолу жасау, ипотека рәсімдеу жолдары туралы «Көбейсін» ипотека орталығының басшысы С.Көбейсін қатысып, ата-аналарға кеңес берді. Оқушылар өз өнерлерін көрсетіп, мектеп психологтары тренингтер өткізді. Іс-шара соңында ата-аналар сұрақтарына жауап алып, өз кезегінде алғыстарын айтты. Айлық аясында ертегі айту шарасын ұйымдастыру арқылы салт- дәстүрімізді насихаттау мақсатында мектепалды даярлық тобы тәрбиеленушілеріне әжелерінің ертегі айту шарасы ұйымдастырылды. Ата-аналардың қатысуымен оқушыларға бөлме өсімдіктерін отырғызу жұмыстарын үйреттіру арқылы мектепті безендіру жұмыстарына тарту мақсатында «Гүлдер фестивалі» шарасы өткізілді. «Үйлесім» ата-аналарға арналған психологиялық клубының кезекті отырысы өткізіліп, ата-аналарға «Саналы өмір сүру практикасы» тақырыбында презентация жасалды және практикалық іс-шаралар ұйымдастырылды. Ата-ана ретінде өзіне қалай энергия толтыруға болатындығы, өзіне сенімділікті арттыру туралы кеңестер беріліп, тренингтер және сергіту жаттығулары жасалды. Отырыс соңында ата-аналармен МАК-картамен жұмыс жасалынды. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында отбасылық кітап оқу мәдениетін дамыту мақсатында оқушылардың ата-аналарымен бірлескен поэзия оқу сағаты ұйымдастырылды. Қыз балалар мен ата-аналарға құрақ көрпе жасауды үйрету арқылы ұлттық құндылықтарымызды ұрпақ бойына сіңіріп, оқу - тәрбие үдерісінде салт дәстүрімізді құрметтеу мақсатында «Ұлттық құндылықтарды дәріптеу - ұрпақ алдындағы міндетіміз» тақырыбында Г.М. Мурзалинованың ұйымдастыруымен құрақ көрпе құраудан шебер класс сағаты өткізілді. «Мектеп, ата-ана, ұстаз бірлігі - саналы ұрпақ тәрбиесінің ізгі жолы» тақырыбындағы ата-аналарға арналған айлығы мен 1 наурыз «Алғыс айту» күніне орай «Екі жұлдыз» атты отбасылық концерт өткізіліп, концертке 17 өнерпаз қатысты. Отбасы мүшелерінің қатысуымен спорттық эстафета өткізу арқылы ұйымшылдыққа тәрбиелеу және салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында 1 класс оқушылары мен ата-аналары арасында «Толағай» отбасылық эстафеталық сайысы өткізіліп, нәтижесінде I орынды Ерболатовтар отбасы (I «Д» класы), II орынды Аманбаевтар отбасы (I«А» класы), III орынды Кобегеновтер отбасы (I «В» класы) жеңіп алды. 30-31.03.2023 күндері 1-11 кластары аралығында «Балалар қауіпсіздігі» тақырыбында класс ата-аналар жиналысы өткізіліп, күн тәртібінде «Оқушылар арасындағы кибербуллинг» тақырыбында баяндама оқылып, психолог кеңесі берілді және Ақтөбе облысының Төтенше жағдайлар департаментінің «21 күндік» қауіпсіздік QR ақпараты ата-аналарға таныстырылды. Мектептің ішкі тәртіп ережесі, құқықбұзушылық, тәрбие мәселелеріне басты назар аударылып, білім сапасы және т.б өзекті мәселелер талқыланды. Сонымен қатар, ата-аналарға арналған «Ашық есік» шарасы ұйымдастырылды. Ата-аналар пән мұғалімдерімен кездесіп, балаларының сабақ үлгерімі туралы сұрақтарына жауап алды.

Ақтөбе қаласының прокуратурасы дайындаған «Құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша ата-аналарға арналған» жадынама мектеп ата-аналарына таныстырылды.

Мектеп психологтары кибербуллинг мәселесіне байланысты ата-аналарға пайдалы 5 кеңес ақпаратын ұсынды.

«Үйлесім» ата-аналарға арналған психологиялық клубының кезекті отырысында «Кибербуллинг профилактикасы» тақырыбында дәріс-презентация жасалынып, практикалық іс-шаралар өткізілді. Ата-аналарға «Кибербуллинг мәселесіне бей-жай қарамайтын ата-аналарға арналған пайдалы бес кеңес» және Ақтөбе қаласы прокуратурасының құқықбұзушылықтың алдын алуға арналған жаднамалары таратылды. «Жұдырық», «Теңгерім шеңбері», «Нейрографика әдісі», «Өрмекшінің торы» тренингтері өткізілді. Ата-аналар бұл әдіс арқылы алдағы уақыттағы жоспарына, ішкі үйлесімділігіне назар аудара білді.

Мектеп психологтары «Балаңызды қоршаған ортасындағы құрдастарынан, кейде ересектердің қорлайтын сөздері мен әрекеттерінен қалай қорғауға болады?» тақырыбында мектеп ата-аналарына ақпараттық түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Мектеп психологтары «Гаджетке тәуелділік» тақырыбында баланың компьютер мен телефонға тәуелді болуының алдын алуға арналған әлеуметтік желі арқылы кеңес беру сағатын өткізді.

Кезектен тыс жалпы ата-аналар жиналысы өткізіліп, мектеп психологтары ата-аналарды зорлық-зомбылыққа тап болған баланың белгілерімен, оған көмектесу және қолдау көрсету жолдарымен таныстырды, мектеп оқушылары арасындағы буллингке анықтама жасап, буллинг белгілері және оның алдын алу туралы кеңес берді. Астана ауданының №1 ҚПБ ЖПҚБ КТІЖ УПИ Д.К. Женисова мектеп оқушылары арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу бағытында түсіндіру жұмысын жүргізді. Ақтөбе қаласы прокуратурасының құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша ата-аналарға арналған жадынамасы таныстырылып, таратылды.

Республикалық «Мәдениетті ана- мәдениетті ұлт» жобасы аясында облыстық аналар кеңесінің және мектебіміздің ұйымдастыруымен «Отбасының өнегесі - сыйластық пен сүйіспеншілік» тақырыбында ата-аналарға арналған тәлімдік-тәрбиелік іс-шара ұйымдастырылды. Іс-шараның мақсаты: баланың рухани бай, адамгершілігі таза, дене жағынан сау тұлға болып қалыптасуына жағдай жасауда мектеп пен отбасының күш-жігерін үйлестіру, тәрбие процесіндегі ұрпақтар сабақтастығы мен ұлттық құндылықтардың рөлін арттыру. Шараға №30, №34, №36, №47, №48 қала мектептерінің және мектебіміздің ата-аналары қатысты. Іс-шараны мектеп директоры Ж. У. Терекова ашып, шараның мақсатымен таныстырды. Ақтөбе облысы ҚХА жанындағы аналар кеңесінің төрайымы Калиева Ж.Ш, аналар кеңесі жұмысының координаторы Р.С.Сергалина «Отбасы - тәрбиенің іргетасы» тақырыбында сөз сөйледі. «Бала - бақыт бастауы» тақырыбында Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығының әдіскері М.Т.Жасжанова сөз алып, тренинг өткізді. «Әдістемелік кабинеті» КММ әдіскері А.С. Садыкова «Тұлға. Қоғам, Отбасы» тақырыбында сөз сөйледі. Мектеп кітапханашысы Н. Жумагулова «Мәдениетті ана- мәдениетті ұлт» тақырыбында баяндама жасады. Іс-шара барысында «Ертегілер еліне саяхат» тақырыбында бастауыш класс оқушылары «Жеті лак», «Бауырсақ» ертегілерімен қойылым көрсетті. Мектеп психологтары Баймишева А.М, Мауениязова С. Б «Үйлесім» ата-аналарға арналған психологиялық клубы жұмысын қорытындылады. Мектеп өнерпаздары-домбырашылар ансамблі, оқушыларымыздың хор ұжымы және өнерлі әнші оқушыларымыз, педагогтарымыз өз өнерлерін көрсетті. Әкелер мен аналар кеңесінің қолөнер сағатын көріп, шара соңында көркем еңбек пәні мұғалімі Г.М.Мурзалинованың сән көрсетілімін тамашалады. 9, 11 кластардың ата-аналарына қорытынды аттестаттау бойынша жиналыс өткізіліп, күн тәртібінде 2022-2023 оқу жылының аяқталуы және қорытынды аттестаттау, кәсіби бағдарлау жұмыстары және ата-аналарға психологиялық кеңес беру, 10 класқа құжаттар қабылдау тәртібі, жазғы демалыс кезіндегі оқушылардың қауіпсіздігі және құқық бұзушылықтың алдын алу мәселелері талқыланды.

Соңғы уақытта телефонмен хабарласу арқылы жасалған алаяқтық қылмыстарының жиілеуіне орай №1 қалалық полиция басқармасының ұйымдастыруымен полиция және Ақтөбе қалалық білім бөлімі бірлесіп, Астана ауданына қарасты мектептердің ұстаздары, қызметкерлері және ата-аналары арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Шара барысында Астана ауданы №1 ҚПБ ЖПҚ бастығы полиция майоры Б. Зиядинұлы, Астана ауданы №1 ҚПБ бастығының орынбасары полиция подполковнигі А.К. Есибеков, Ақтөбе қаласы ПБ криминалдық полиция бөлімінің бастығы полиция майоры А.Б. Казгулов алаяқтықтан сақ болу тақырыбында бейнероликтер көрсетіп, қылмыс тәсілі мен оның құрбаны болудан сақтану шараларын кеңінен түсіндірді.

Әкелер кеңесінің жұмысы. Әкелер кеңесінің ұйымдастыруымен өнегелі ұл, тәрбиелі қыз тәрбиелеп отырған ата — аналарды үлгі ету, насихаттау мақсатында «Менің әкемнің мамандығы» тақырыбында бейнеролик түсірілімі ұйымдастырылды.

«Мектеп, ата-ана, ұстаз бірлігі - саналы ұрпақ тәрбиесінің ізгі жолы» атты ата-аналарға арналған айлық аясында мектепшілік «Әкелер» клубымен бірлескен «Жақсы әкенің даналығы - балаға мың жылдық азық» тақырыбында іс-тәжірибе бөлісу мақсатында әкелердің қатысуымен ауқымды шара өткізілді. Шараға қатысушы әкелер қазіргі таңдағы бала тәрбиелеудегі қиындықтар мен ерекшеліктер туралы ой бөлісті. Іс-тәжірибесімен бөлісуге Ақтөбе облысы бойынша ҚАЖ департаменті ардагерлер қоғамының төрағасы, қамқоршылық кеңесінің мүшесі С.А. Баймағамбетов, №1 ҚПБ ЖПҚ УПИ полиция майоры Е.Е. Бердигалиев, «Әкелер» кеңесінің мүшесі Б.Ж. Қолғанатов және мектеп психологтары ат салысты. Шара соңы «Үйренгенің өзіңе жақсы, істегенің маған жақсы» акциясы аясында ұйымдастырылған әкелер мен ер балалардың еңбекке баулу сағатымен қортындыланды.

Айлық аясында «Спорт сүйер әкеден – салауатты бала» тақырыбымен футболдан жолдастық кездесу ұйымдастырылды. Нәтижесінде I орынды әкелер командасы, II орынды 8 класс оқушылары командасы, III орынды дене шынықтыру пәні мұғалімдері құрамасы иеленді. Отбасындағы және бала тәрбиесіндегі әке рөлінің маңыздылығына арналған «Саналы әке болудың қадамдары ...» тақырыбында № 16, 34, 36, 40, 47 мектептердің әкелеріне арналған қалалық семинар өткізілді. Семинар барысында отбасылық дәстүрлер мен отбасылық құндылықтарды қалыптастырудағы ерлер мен әкелердің рөлі туралы айтылып, ер баланың өсіп, жетіліп, өз алдына жеке тұлға болып қалыптасуында, қоғамдағы өз орнын дұрыс таба білуінде әкенің атқаратын еңбегі ерекше екендігі туралы ой бөлісілді. Аталмыш семинарға мектебімізден 15 әке қатысты.

Республикалық «Мәдениетті ана- мәдениетті ұлт» жобасы аясында облыстық аналар кеңесінің және мектебіміздің ұйымдастыруымен «Отбасының өнегесі - сыйластық пен сүйіспеншілік» тақырыбында ата-аналарға арналған тәлімдік-тәрбиелік іс-шарасы аясында әкелер кеңесінің жұмысы бойынша ер балаларды еңбекке баулу сағаты ұйымдастырылды.

18 маусым әкелер күніне орай бастауыш класс оқушыларының арасында «Әкеммен өткен бір күн» тақырыбында бейнероликтер челленджі ұйымдастырылды.

Аналар кеңесінің жұмысы

Аналар кеңесінің ұйымдастыруымен «Құқықбұзушылықтың алдын алу - басты міндет» атты онкүндік аясында Өнер және шығармашылық күні ұйымдастырылып, «Ана көрген тон пішер» тақырыбында оқушы қыздар мен аналарының қатысуымен өнер сайысы өткізіліп, жеңімпаз анасы мен қызы марапатталды.

Қыркүйек айында облыстық «Келіндер сайысы -2023» облыстық байқауына оқушымыздың жеңгесі А. Махмутова қатысып, II орынға ие болды.

Әдістемелік кабинет пен №40 жалпы білім беретін орта мектебінің жылдық жұмыс жоспарына сәйкес мектепшілік «Аналар» кеңесінің ұйымдастыруымен жалпы білім беретін мектеп оқушылары арасында «Сырлы жеңге, сұлу қыз»сайысы өткізілді. Ата дәстүрін жоғалтпаған үлгі боларлық байқауға №16, 20, 26, 28, 30, 34, 36, 40, 41, 47 мектептер қатысты. Он мектептен жұптасып сынға түскен қос арулар 4 кезең бойынша бақ сынасты. Қазақ қыздарына тән инабаттылыққа, имандылыққа, әдептілікке тәрбиелеуде жеңгелерінің алатын орнын насихаттау және қайын сіңілі мен жеңге арасында жақсы қарым-қатынас қалыптастыруды мақсат еткен сайыста Қазақстан Республикасының құрметті азаматшасы, Патриоттық белсенділігі үшін медалінің және «Ұлағатты ұстаз» төсбелгісінің иегері, медиатор Б.Ә.Әбілдаева, Ақтөбе облысы жастар және балалар ұйымдарының қауымдастығы жанынан құрылған «Әй – КЕРІМ» келіндер клубының жетекшісі А.Б. Тулеуова, Ақтөбе облысының дизайнерлер мен тігіншілер қауымдастығының мүшесі, дизайнер тігіншілер И.Ж. Утенова мен М.К. Жарылгасова төрелік етті. Сайыс қорытындысы бойынша I орынды №47 мектеп, II орынды №30, №40 мектептер, III орынды №20, №28 мектептер иеленді. Республикалық «Мәдениетті ана- мәдениетті ұлт» жобасы аясында облыстық аналар кеңесінің және мектебіміздің ұйымдастыруымен «Отбасының өнегесі - сыйластық пен сүйіспеншілік» тақырыбында ата-аналарға арналған тәлімдік-тәрбиелік іс-шарасы аясында аналар кеңесінің жұмысы бойынша қолөнер сағатын ұйымдастырылды.

Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие бағыты

15 наурыз Тұтынушылардың құқығын қорғау күніне орай «Қазақстан Республикасы сауда және интеграция министрлігінің Ақтөбе облысы бойынша сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті» Республикалық мемлекеттік мекемесінің бас маманы Г.А. Алматбаева қатысуымен кездесу кеші ұйымдастырылды. Облыстық тұтынушылардың құқығын қорғау департаментіне жүктелген міндеттердің бірі - ақпарат беру және сауаттандыру жұмысымен мектеп оқушыларын таныстырды. Тұтынушылар құқығын қорғау күніне орай мектеп оқушыларына тұтынушы ретінде құқықтарын білуге және білімдерін жетілдіруге арналған бейнероликтер көрсетілімі ұйымдастырылды.

Бүкіләлемдік тазалық күніне орай «Таза бейсенбі» және «Таза қалам - Ақтөбем» екі айлық сенбілігі аясында сенбілік жұмыстары ұйымдастырылды. Оқушылардың жалпықалалық сенбілік жұмыстарына белсене қатысуын ұйымдастыру мақсатында жоғары класс оқушыларының ұйымдастыруымен «Барлығы өз қолыңда!» экологиялық челленджіне бейнеролик түсірілді.

«Күзгі серуен, күзгі демалыс, күзгі ғажап!» атты балалардың күзгі демалыс кезіндегі бос уақытының қамтылуы бойынша ұсынымдар жоспарына сәйкес экологиялық тәрбие бағытында «Менің демалыстағы бір күнім» тақырыбында бейнеролик дайындалды. Мектепшілік «Өзін-

өзі басқару» ұйымының ұйымдастыруымен «Экология» фракция мүшелері 7 «А» класына мектеп тазалығын сақтау туралы түсіндіру жұмысын жүргізді.

«Тоғыз айға 9 іс-шара» тұжырымдамасына сәйкес оқушыларға жақсы үлгі көрсету, қоршаған ортаға ұқыпты қарауға, еңбекке баулуға, туған жерді қастерлеуді үйрету, мектеп ауласын көркейту – көгалдандыру мақсатында ұйымдастырылған «Жасыл мекен» республикалық челленджіне 11 класс оқушылары мен ұстаздары қатысып, мектеп ауласына көшеттер отырғызды. «Өзін-өзі басқару» ұйымының экология фракциясының жетекшісі Қойшин Бақтияр өз үндеуін жолдады.

Кәсіби бағдар беру жұмысы. Президенттің білім саласын дамыту бағытындағы тапсырмаларына сәйкес Шығыстың ең үздік оқыту моделін таратумен айналысатын білім беру қоры Global «SAPA» халықаралық білім беру орталығы маманы С.Т. Шумбалова 9, 11 класс оқушыларымен кездесіп, Корея елінде оқу мүмкіндіктері туралы түсіндіру жұмысын жүргізді.

«Логистика және көлік» академиясы, С. Бәйішев университеті, Ақтөбе құрылыс және бизнес колледжі, Ақтөбе технологиялық колледжі мамандары 11 класс оқушыларымен кездесіп, оқу орны мен мамандықтар туралы ақпарат берді.

«Мектеп, ата-ана, ұстаз бірлігі - саналы ұрпақ тәрбиесінің ізгі жолы» тақырыбындағы айлық аясында оқушылар мен ата-аналарға «Мамандығым - мақтанышым» тақырыбында кездесу ұйымдастырылып, Ақтөбе гуманитарлық колледжі, Қ. Жұбанов атындағы АӨУ жоғары колледжі мен университеті, Ақтөбе құрылыс және бизнес колледжі, Ақтөбе индустриалды кәсіптік колледжі, мамандары кәсіби бағдар беру жұмысын жүргізді.

Кәсіптік бағдар беру жұмысы шеңберінде Ақтөбе қаласы ПБ бастығының орынбасары, полиция майоры Максимов Бауыржан Айтбаевич және Ақтөбе қаласы ПБ Астана ауданы 1 ҚПБ ЖПҚБ КТІЖ УПИ полиция лейтенанты Женисова Дария Кобейсиновна Алматы, Қостанай, Қарағанды қалаларындағы полиция академияларына «құқық қорғау қызметі» мамандығы бойынша оқуға түсу және оқудың ерекшеліктері туралы айтты.

3 наурыз күні Ақтөбе қаласының білім бөлімі мен Әдістемелік кабинеттің ұйымдастыруымен №40 жалпы білім беретін орта мектебінің ғимаратында жалпы орта білім беру ұйымдарының 9, 11 класс оқушыларына арналған кәсіптік бағдар беру бойынша «Ашық есік күні» өтті. Аталмыш шараға қаламыздағы мемлекеттік және жекеменшік колледждер мен жоғары оқу орындарының, сондай-ақ еліміздің батыс аймақтарынан келген жоғары оқу орындарының да өкілдері қатысты. Шараға оқушылармен бірге ата-аналар да қызығушылық танытып, қатысым жасады.

Ақтөбе сервис, Ақтөбе гуманитарлық, Ақтөбе бизнес және құрылыс колледжінде ұйымдастырылған «Ашық есік» күні шарасына 9 класс оқушылары қатысып, оқу орны және мамандықтар түрлері туралы ақпарат алды.

«Өзін - өзі басқару» ұйымы және мектепшілік «Дарын» дебат клубының ұйымдастыруымен «Сәнге айналған мамандықтар» тақырыбында пікірталас өткізді.

Оқушылардың жеке және кәсіби өзін-өзі тануына көмек жасау, болашақ мамандығын таңдауға оқушылардың бейімділігі, қабілеті мен мүмкіндіктерін айқындау, болашақта дұрыс мамандық таңдауға ықпал ету мақсатында 9 кластың класс жетекшілері «Қайда және қандай мамандыққа оқуға болады?» тақырыбында кәсіби бағдар сағатын өткізді.

Әлеуметтік желідегі мектеп парақшасы мен оқушылар ватсап желісіне Ақтөбе қаласындағы оқу орындары және ондағы мамандықтар туралы ақпарат берілді. «Түлек – 2022» бұрышы жасақталып, оқу орындары туралы танымдық ақпараттар берілді. Мектеп оқушыларының негізгі және орта мектеп түлектерін орналастыру, оларға кәсіптік бағыт беру мақсатында жыл бойы жоғары және орта білім беретін оқу орындары және ондағы мамандықтар туралы ақпараттар таныстырылды.

Интеллектуалды тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу бағыты

Оқу жылының басталуына орай 1 класс оқушылары арасында «Менің мектептегі алғашқы күнім», 2-7 класс оқушылары арасында «Менің жарқын жазғы оқиғаларым», 9-11 класс оқушылары арасында «Менің ойларым, армандарым, үміттерім» республикалық онлайн акциясы және оқушылар мен ұстаздар арасында «Сәлем, жаңа оқу жылы!» құттықтау шарасы ұйымдастырылды. ҚР Оқу-ағарту министрлігінің ұйымдастырған «Ұстазыңды құттықта!» байқауы аясында мектеп оқушылары мен мектеп бітірген түлектер ұстаздарын құттықтау шарасына қатысты. Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері А. Байтұрсынұлының 150 жылдығына орай 1 класс оқушылары арасында өткен «Алғашқы қадам» калалық байқауында А. Аманбаева ІІ орынға ие болды.

Ұстаздар күні мерекесіне орай 11 класс оқушыларының ұйымдастыруымен ұлағаттылық пен даралыққа жетіп, ұстаздық қызметінде ұлттың рухани байлығына өз үлестерін қосып жүрген ардагер ұстаздармен кездеу кеші «Дара жол» форматында ұйымдастырылды, ал «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында жасалып жатырған шаралардың ұйытқысы болған ұстаздарға арнап «Кітап – өмір ұстазы» атты рухани сағат ұйымдастырды. Ұстаздар кітапхана залынан «Ақылды аспаз» асмәзірінің бөлімдеріне сәйкес әдеби оқулықтарды таңдап, қажетті және пайдалы кітаптарға шолу жасады. Жас мұғалімдерге арнап «Көңілді старт» сергіту эстафетасын өткізді және «Ұстаз – ұлағатты есім» концерттік бағдарламасын ұсынды. «Ұстаздық пен ақындық – қос қанатым» тақырыбында мектебіміздегі ұстаз ақындар мен өнерлі оқушыларымыздың кездесуі «TALK LIKE» форматында ұйымдастырылды.

4 сынып оқушылары арасында өткізілген «Кішкентай білгірлер» облыстық интеллектуалдық олимпиадасына мектебіміздің «Тапқырлар-40» командасы қатысып, капитандар сайысында Ақансері Нұртілеу жүлделі ІІІ орынды, облыстық «Зерде» зерттеу жұмыстары мен шығармашылық жобалар байқауында 3 «Г» класс оқушысы Мейірман Айзере І орынды иеленді.

«Білім-инновация» лицей-интернаты мен «Кемел- Білім» мектеп-лицейінің ұйымдастыруымен өткен «Білім және денсаулық-2022» көрмесіне мектебіміздің 7 «Г» класс оқушылары саяхат жасады. Іс-шара барысында балалар дидактикалық ойын ойнап, робототехника, химия, архитектура, биология салаларының өнертабыстарын және қазақ халқының мәдениетінің жаңа заманға сай модернизацияланған нысандарын тамашалады. Қалалық оқушылар Сарайы ұйымдастырған «Үздік класс» әуесқой мобилографтар байқауына 6 «Ә» класс оқушылары класс жетекшісімен бірге қатысып, ІІ орынға ие болды.

Зерделі ақыл-ой дамыту мектебінің ұйымдастыруымен 5-6 класс оқушылары арасында өткен «Алтын сақа» математикалық сайысында 4 оқушы жеңімпаз атанды.

Тарих пәні мұғалімдерінің ұйымдастыруымен 10-11 кластарында «Білім биржасы» зияткерлік сайыс сабағы ұйымдастырылып, І орынды 10 «А», ІІ орынды 10 «Б», ІІІ орынды 10 «Ә» кластары иеленді. 15 желтоқсан күні «Тәуелсіз елдің білімді ұрпағы» атты бастауыш кластар бірлестігі апталығы аясында 3 сынып оқушылары арасында «Алтын қақпа» интеллектуалды ойыны өткізілді.

«Білім Нұры» әдістемелік журналының ұйымдастыруымен «Тәуелсіздік — ел бақыты» атты Республикалық өнер және шығармашылық байқауында вокал жанры бойынша 10 оқушымыз І, ІІ, ІІІ орындарға ие болып, жеңімпаз атанды. Ақтөбе облысы білім басқармасы, «Ақтөбе-Дарын» өңірлік ғылыми-тәжірибелік қосымша білім беру орталығының ұсынысына сәйкес шахматты насихаттау, зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін дамыту және жандардыру мақсатында Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай 2-11 сынып оқушылары арасында «Шахмат-ақыл-ой спорты» атты мектепшілік шахмат олимпиадасы өтті. Олимпиадаға 8-10 жас және 11-15 жас аралығындағы оқушылар қатысып, жеңімпаздар марапатталды.

2022 жылдың қазан айының 21-23 күндері Париж қаласындағы әлемге танымал Лувр музейінде өткен жас суретшілерге арналған бүкіләлемдік көрмеде мектебіміздің 7 «А» класс оқушысы Серік Жансаяның жұмысы «жоғары бағаға» ие болды.

Мектебімізде «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының жұмыс жоспары бойынша Ахмет Байтұрсыновтың 150 жылдығына арналған 4 класс оқушылары арасында «Ең үздік математик» зияткерлік байқауына іріктеу турнирі өткізілді.

12 сәуір Қазақстан Республикасының атақты геолог- ғалымы, ғылыми қызметті ұйымдастырушысы, Ғылым Академиясының тұңғыш президенті Қ.Сәтбаевтың 124 жылдық мерейтойына арналған Ғылым қызметкерлері күніне орай ұйымдастырылған «Ғылым бізге қалай көмектеседі?» тақырыбындағы викториналық ойын өткізілді. Нәтижесінде оқушыларға ғылымның маңызы және Қ.Сәтбаевтың өмірі мен еңбегі туралы түсінік берілді. 10-11 класс оқушылары арасында «Сәтбаев салған жол - ұрпаққа ұлағат» тақырыбында ғылыми - практикалық конференция өткізілді. «Жас ұлан»бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы мектебіміздің бастауыш класс оқушыларының ғарыш әлемі туралы білімін «Ғарыш ғажаптары» атты сауалнама арқылы зерттеп, пәйдж-карточкаларымен марапаттады.

Ақтөбе қаласы бойынша «Елбасы Медалі» жобасының жеңімпаздары мектебіміздің 11 класс оқушылары Амангельдиева Асем Серикбайқызы және Жоламанова Ақтолқын Ақынғалиқызы «Елбасы Медалі» жобасының қола медалімен марапатталды.

2022-2023 оқу жылының қорытындысы бойынша білім, спорт, шығармашылық, өнер саласы бойынша оза шауып, жүлделі орындар иеленіп, мектеп абыройын асқақтатқан білім

алушыларымызды марапаттауға арналған «Жас дарын -2023» атты дарынды оқушылар шеруі өтті. Шеруге 300-ге жуық дарынды оқушылар мен оларға жетекшілік еткен мұғалімдер қатысты. Оқу жылында үздік нәтиже көрсеткен оқушылар алғыс хатпен марапатталды.

Ақтөбе облысы білім басқармасының қолдауымен Ақтөбе қаласы білім бөлімінің ұйымдастыруымен Aqbobek international мектебінде өткен «ТехноFIRST-2023» балалар мен жасөспірімдер шығармашылығы фестиваліне мектебіміздің оқушылары қатысты. «Робототехника» үйірмесінің жетекшісі Н.М.Жаманова жетекшілігімен ұйымдастыру шаралары жүргізіліп, фестивалге «Робобаскетбол», «Робосуретші» жұмыстары ұсынылды және аталмыш фестивалге 3 «Ә» класс оқушылары саяхат жасады.

«Сәт сапар саған, жас түлек!» салтанатты жиыны өткізіліп, мектептің қамқоршылық кеңесінің мүшелері, ұстаздар, мектеп ата-аналары, 1, 4, 9 класс білім алушылары және мектеп түлектері қатысты.

7.Көпмәдениеттік және көркем-эстетикалық тәрбие бағыты. «KIDS BOOK FEST -2022» балалар кітап фестивалінде мектеп оқушылары «Қызықты кітаппен демалыс бағыты бойынша «Жолбарыс пен қоян» ертегісін сахналады.

Бастауыш класс оқушылары «Шоколад» мұражайын саяхат жасап, шоколадтардан жасалған туындылармен танысты және шебер класқа қатысты.

Мектепшілік «Stem лабораториясы» робототехника, қолөнер, биссермен тоқу, кескіндеме, домбыра, хор, вокал, «Еркетотай» театр үйірмелері жұмыс жасады.

«Ақтөбе-Дарын» өңірлік ғылыми-тәжірибелік қосымша білім беру орталығының ұйымдастыруымен өткен «Менің Тәуелсіз Қазақстаным» атты сурет және қолөнер байқауының қалалық кезеңінде мектебіміздің 3 оқушысы жетістікке жетті. Қазақстандағы балалар жылына орай ұйымдастырылған «Бала дауысы-2022» ән байқауында мектебіміздің 7 оқушысы жүлделі орындарға ие болды. Қалалық «Қас қағым сәт» жас фотосуретшілер байқауында үздік нәтиже көрсеткені үшін мектепалды даярлық тобы мен 1 «В» класс оқушылары Көмекбай Шахназ бен Шығыс I дәрежелі дипломмен марапатталды. «Шабыт» III Республикалық шығармашылық фестиваль-байқауына қатысып, I, II, III жүлделі орын алған 5 оқушы марапатталды.

